



3 шілде, сенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

3 Энергетика: тосын шешімдер қабылдау қажет



4 Қаулы



5 Әр қазақтың төрінде



8 Қаратау бөктеріндегі айтыс



● ПРЕЗИДЕНТ

АҚ ТІЛЕК КҮШ-ЖІГЕР БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ХХХІІ жазғы Олимпиада ойындары қарсаңында Қазақстанның ұлттық құрама командасының мүшелерімен кездесті.



Қазақстан құрама командасының негізгі бөлігі кездесуге Алматы облысындағы «Ақбұлақ» олимпиадалық орталығынан телекөпір арқылы қатысты. Онда спортшылар Токиоға аттанар алдындағы соңғы жаттығу жиындарын өткізіп жатыр.

Президент Олимпиадаға баратын спортшылардың алдында сөйлеген сөзінде әлемнің басты спорт бәсекесінде ел намысын қорғау мәртебелі міндет, үлкен абырой, зор жауапкершілік екенін айтты.

Мемлекет басшысы Тәуелсіздік жылдарында Қазақстаннан Олимпиаданың 16 жеңімпазы, 71 жүлдегері шыққанын, жүзден астам ірі спорт кешені, оның ішінде, 16 халықаралық деңгейдегі нысан бой көтергенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев аса күрделі кезеңде Токиода жағылатын Олимпиада алауы бүкіл адамзат үшін жаһандық індетпен күрестің символы болатынын айтты. Президент әлемнің түгелге жуық елінде ұзаққа созылған локдаунның қалыпты тыныс-тіршілікке ауыр соққы жасағанына тоқталды.

– Сіздер халықаралық деңгейдегі өздеріңіздің көшбасшылық орындарыңызды нығайту үшін нағыз чемпионға тән мінез көрсетіп, Олимпиада лицензиясын иелендіңіздер. Осындай қиын-қыстау жағдайда сіздер спорттың өзін-өзі шектейтін қатаң режимін сақтап, өзгелерге үлгі көрсеттіңіздер, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазақстандықтардың Олимпиада ойындары барысында біздің спортшыларға көрсететін күшті қолдауы оларға

қосымша рух беретініне сенім білдірді.

– Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығында Олимпиада тұғырына көтерілу – сіздердің ғана жетістіктеріңіз емес, бүкіл ұлтымыздың абыройы. Олимпиада шыңы мыңдаған жасты спортпен шұғылдануға, салауатты өмір салтын ұстануға және көздеген мақсаттарына жетуге шабыттандырады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы өз сөзінде бұқаралық және балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуға басымдық берілетінін атап өтті.

– Бұқаралық спортты дамыту арқылы біз ұлтымыздың денсаулығын жақсартамыз және бүкіл еліміз мақтан тұтатын Олимпиада жеңімпаздарының – спорт

жұлдыздарының жаңа буынын тәрбиелеп шығарамыз. Мұндай саясат спорт секциялары мен аулалық клубтардың дамуына тың серпін береді. Сондай-ақ балалар жаттықтырушыларының ынталандыруға ықпал етіп, дарынды атлеттердің жаңа шоғырын айқындауға септігін тигізеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев спортшыларымыздың Токиода рекордтық нәтижелер көрсететініне, еліміздің әлемдегі жетекші спорт державаларының арасындағы беделін нығайтатынына сенім білдірді. Президенттің айтуынша, атлеттердің әрбір жеңісінің артында, көбінесе назардан, камералардан тыс қалатын, олардың жаттықтырушыларының қажырлы еңбегі тұр.

Рәсім барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын алғаш рет екі бірдей ту ұстаушыға – жеңіл атлетикадан Олимпиада чемпионы Ольга Рыпакова мен бокстан Әлем чемпионының күміс жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаевқа табыстады.

Ольга Рыпакова Мемлекет басшысына жылы қабылдап, ізгі тілек білдіргені үшін ұлттық құраманың атынан алғыс айтты.

– Сіздің ақ тілегіңіз – бізге ерекше күш-жігер береді. Халқымыздың риясыз махаббатын сезінеміз және өзімізге жүктелген жауапкершілікті түсінеміз. Сондықтан Отанымыздың абыройын арттыру үшін бар күшімізді салып, шеберлігімізді паш етеміз, – деді Ольга Рыпакова.

Қамшыбек Қоңқабаев Президентке отандастарымыздың сенім актау үшін құрама команда барын салатынын жеткізді.

– Сіздің қолыңыздан еліміздің Туын алу – үлкен абырой, зор жауапкершілік. Олимпиадаға қатысушы спортшылар кәстерді санайтын осы Туын Токио төрінде жиі көтеріліп, Еңұранымыздың шырқалуы үшін барымызды саламыз, – деді бокстан Қазақстан құрама командасының капитаны.

● САПАР

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова аймақтың солтүстік аудандарында болып, бірқатар әлеуметтік және өндірістік орындармен танысты, тұрғындармен кездесіп, елдің тыныс-тіршілігін бағамдап, алда тұрған міндеттерді пысықтады. Аймақ басшысының бұл сапардағы басты мақсаты – шалғай орналасқан елді мекендердің жағдайын көзбен көріп, ауыл тұрғындарының тіршілігімен танысу. Ауыл ақсақалдарымен сөйлесіп, жұрт ішіндегі өзекті мәселелерге қатысты ойларын мұқият тыңдау.

СБ Биболат СӨТЖАН,
«Сыр бойы»

Ел мүддесі жолында мүмкіндіктің бәрі жасалады

Арал ауданынан басталған сапарда облыс басшысы алдымен Сазды ауылында болып, ардагерлермен жүздесті. Ауыл маңызды әлеуметтік нысандармен толықтай қамтамасыз етілген. Халқының негізгі тіршілігі – мал шаруашылығы. Құрғақшылықта мал шығыны тіркелмегенімен, аудан жұртын айрықша алаңдатып отырған мәселе бұл ауылда да айналып өтпеген. Ауыл ардагерлері шабындық үшін арнайы бөлінген аумақта жылдағыдай шөп жоғына алаңдаушылық білдірді. Сондай-ақ, кездесуде ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайы талқыланып, тұрғындар жол мәселесін көтерді. Аймақ басшысы мәселенің әкімдік назарында екенін атап өтті. Елді мекенге қиреберіс 21 шақырым жолды орташа жөндеу бойынша жобамалық құжаттама әзірленген. Тиісті ұсыныстар беріліп, қаржы көздері қарастырылууда.

Мұнан соң облыс әкімі Қарақұм ауылдық округінде болып, тұрғындар тілегін тыңдады. Ауылда су жағдайы жете мән беруді қажет етеді. Сондай-ақ, спорт кешені мен клуб қажет. Облыс әкімі әлеумет үшін маңызды жол мен су мәселесін шешуге қажетті шаралар қабылданатынын, спорт кешені мен ауыл клубын салу жұмыстары кезең-кезеңімен іске асырылатынын атап өтті.

Сапар барысында облыс әкімі Қарақұм ауылдық округіндегі амбулаторияға барып, екпе жұмыстарының қарқынын көрді, тұрғындарды белсенділік танытуға шақырды.

– Индеттің беті әлі қайтпағанын білесіздер. Мутацияланған вирус айналыны шарпып барады. Жаһандық деңгейдегі мамандар үнді штамы таралғанын айтып, дабыл қакты. Бұл ретте сақтықты күшейтіп, қорғану үшін вакцина алып, өзіміздің және айналамыздың қауіпсіздігі үшін қадам жасауымыз қажет, – деді Гүлшара Әбдіқалықова.

Одан кейін облыс әкімі аудандық маңызы бар «Самара-Шымкент-Жақсықылыш-Тоқабай-Абай» автомобиль жолындағы жүргізіліп жатқан орташа жөндеу жұмыстарын тексерді. 2018-2019 жылдары аудандық маңызы бар автожолдың 39,3 шақырымы жөндеуден өткізілді. Биыл жолды толық аяқтауға, яғни 44,1 шақырымды жөндеуге облыстық бюджеттен 980,9 млн теңге қаржы бөлінді. Қазіргі уақытта мердігер «Арал құрылысы» ЖШС және «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС іске кіріскен.

2-бет

● ЕКПЕ АЛ!

Вакцинадан кімдер босатылады?

Әлемді әбiгерге салып жатқан коронавирус инфекциясының жаңа «Дельта» штамы біздің елімізде де белен алууда. Осы орайда Денсаулық сақтау министрлігі 1 шілдеде 414 сынамадың ПТР скринингін өткізіп, нәтижесінде 48,3% үнді штамы барлық облыс пен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында табылғанын мәлімдеді.

СБ Айгүр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Мутацияның болуын және оның «Дельта» штамына жататындығын түпкілікті растау ДНК толық геномдық реттілігі аяқталғаннан кейін анықталады.

Мамандардың айтуынша, Дельта штамын жұқтырған науқастарда аурудың тез дамуы, ауырғандар арасында жастар санының көбеюі, ішек аурулары белгілерінің болуы байқалды. Сондай-ақ балалар мен жүкті әйелдер арасындағы жағдай мез емес. Осыған байланысты Денсаулық сақтау министрлігі қазақстандықтардан өзінің және жақындары мен туыстарының денсаулығына қамқорлық танытуын сұрайды.

4-бет

«ҚазТрансГазАймақ» 1,5 миллиард теңге шығын төлейді

«ҚазТрансГазАймақ» АҚ-тың Қызылордадағы бөлімшесі тарифтік смета шығындары бабын бұзғаны және бекітілген тарифті қолданбағаны үшін тұтынушыларға 1,5 миллиард теңгеден аса қаражатты қайтаруға міндеттелді. Бұл туралы Ұлттық экономика министрлігінің баспасөз қызметі хабарлаған.

– 2020 жыл бойынша тарифтік сметаның орындалуына жүргізілген талдау шеңберінде, Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті «ҚазТрансГазАймақ» АҚ-ның Қызылордадағы бөлімшесінде тарифтік смета шығындары бабын бұзу және бекітілген тарифті қолданбау дерегі анықталды. Нәтижесінде «ҚазТрансГазАймақ» АҚ биыл 1 тамыздан бастап тауарлық газды газ таратушы жүйелері арқылы тасымалдау қызметіне ҚҚС-сыз 1000

текше метрге 3320,45 теңге мөлшерінде немесе бекітілген тарифке қарағанда 44,1 процентке төмендетіліп, 1 жылға уақытша өтемдік тариф енгізу жолымен тұтынушыларға 1 548 508 389 теңге залал сомасын қайтарды, – делінген министрлік хабарламасында.

Бұрын ҚҚС-сыз мың текше метр үшін 5941,35 теңге тарифі қолданылған. Сондай-ақ, кәсіпорынның бекітілген тарифті 44,1% процентке төмендету мүмкіндігі бар.

Жаңа ережелер 1 тамыздан бастап күшіне енеді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

мәселелер ұсынылады:

1. Қызылорда облысы әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттерді орындауы туралы есебі.

2. 2020 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есепті бекіту туралы.

3. «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 519 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.

4. Қосымша мәселелер.

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстары 2021 жылғы 15 шілдеде сағат 11:00-де, тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы сағат 16:00-де өткізіледі.

Облыстық мәслихат

● ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

ТАЗАЛЫҚҚА ТАҒЫЛЫҚ ТАНЫТПАУ КЕРЕК

«Есігімің алдындағы қоқыс әлі алынған жоқ. Жауапты мекеме жауапсыздық танытып отыр». Әлеуметтік желіні ашсаңыз, осы секілді жазбаларды көзіңіз жаалады. Мұндайда сіз «Ақшасы төленген, жұмысын дұрыс атқарсын!» деген пікірмен шектелудің мүмкін. Бірақ, бұл жерде қарапайым тазалықшылардың еңбегі тағы да бағалайбай қалып отыр...

СБ Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»

Өреміздің жеткен жері қандай?

Сала мамандары тұрғын үйлерден шығарылатын қоқыс негізінен бөлшектенуі тиістігін айтады. Мәселен, тұрмыстық қатты қалдықтардан бөлек, құрылыс заттары арнайы шақырту арқылы алынады. Санитарлық талапқа сай әр үйдің иесі өзіне темір контейнер орнатып, бекітілген тариф бойынша төлем жүргізуі қажет. Бірақ, жұртшылықты төңіректің



тазалығын бұрын қалтаның қамы көбірек алаңдатынын бар. Бұдан бөлек, тазалықшылар белгіленген бір аумақты тазалап өтті делік. Олар кеткен соң артында бір тұрғын тағы да қоқыс тастап үлгері. Сосын келесісі, яғни белгілі бір кезде шығармай, кез келген уақытта тастай салады. Солай жинала береді. Ал, бұл уақытта қызметкер келесі аумаққа көшіп, жұмысына кірісіп кетеді. Жоғарыда келтірген шағымның туындауының басты себебі де осы.

4-бет



Ел мүддесі жолында мүмкіндіктің бәрі жасалады

– Жөндеу жұмысына 30-дан астам адам, 50-ден астам техника тартылған. Қазіргі таңда жұмыстың шамамен 70 проценті бітіп тұр. Жөндеу қыркүйек айында толығымен аяқталады. Одан кейін Ұлттық сапа орталығын тиісті сараптама жасап, барлық параметрлер бойынша талапқа сәйкестігі тексерілетін болады. Жалпы ұзындығы 83,4 шақырым, – дейді аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Жанқожа Құдайбергелі.

Облыс әкімі жөндеу жұмыстарын сапалы жүргізіп, мерзімінде аяқтауды тапсырды. Әрі қарай Қамыстыбас ауылдық округіндегі «Қамбаш» демалыс аймағына барды. Бұл жерде демалыс аймағындағы кәсіпкерлікті және туризмді дамыту, ауыл шаруашылығына қажетті су арналарын тазарту, каналдар жүйесін реттеу жұмыстары таныстырылды. Сонымен бірге облыс әкімі кәсіпкерлермен кездесіп, пандемия кезіндегі қиындықтар мен алдағы уақытта даму жоспарларын талқылады. Өз кезегінде кәсіпкерлер бизнесті дамытуға арналған ресурстық орталық салу қажеттігін айтып, ұсыныс білдірді. Облыс әкімі ұсынысты ескере отырып, мәселелер жан-жақты қаралатынын жеткізді. Бұл ретте аудан әкімі Серік Сермағамбетовке кәсіпкерлік саласын дамытуға және су каналдарын тазалау жұмыстарын уақытылы жүргізуді жүктеді. Ал, облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы басшысының орынбасары Мурат Тасқараевқа «Қамбаш» демалыс аймағында туризмді дамыту тетіктерін қарап, жұмысты күшейту қажеттігін қаперге салды.

Мұнан кейін Гүлшара Әбдіқалықова Аманөткел ауылдық округінде қуаныштық жағдайына байланысты шөппен қамтамасыз ету жұмыстарының барысын көріп, ауыл ардагерлерімен кездесті. Қыс-көктем мезгілдерінде орын алған ауа райының қолайсыздығы салдарынан Арал ауданында биыл жылқы, ірі қара мен түйе малының өлім-жітімі орын алды. Жағдай бақылауда. Қазір ахуал тұрақталып келеді. Жаппы, бүгінге дейін ауданда барлығы 1767,6 тонна жоңышқа, 50 тонна жем әкелінген. Қосымша 406 тонна жоңышқа мен 60 тонна арпаға тапсырыс берілді. Қазіргі таңда иесіз деп танылып, меншікке алынған су ұңғымаларын құжаттандыру қажет. Бұл ретте бірінші кезекте «қызыл аймаққа» енгізілген 13 елді мекендегі 15 су ұңғымасын іске қосу, каналдарды тазалау, кеңейту мен тоспа салу керек. Бұл жұмыстарды шұғыл түрде атқару үшін ауданда төтенше жағдай енгізуге тиісті органдардың келісімі алынып, аудандық төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі комиссияның отырысы өткізілді. Қазіргі таңда төтенше жағдай жариялау туралы шешім ашық нормативтік құжаттар порталына орналастырылған. Аймақ басшысы мал шығыны болмас үшін алдын алу жұмыстарын жүргізіп, қажетті шөптен қамтамасыз етуді қатаң тапсырды.

Сонымен қатар облыс әкімі «Бұрмақұлақ» учаскесіндегі «Аспай» суағатықсының жағдайымен танысты. Қазіргі таңда «Ақшатау-Қамыстыбас» көлдер жүйесін суландыру үшін суағатықны қайта іске қосып, Бұрмақұлақ арнасын бөгеу қажет. Жауапты мамандардан құрылған жұмысшы топтың зерделеу қорытындысымен нысанның ақау әктісі жасалды. Жоба жүзеге асқан жағдайда «Ақшатау-Қамыстыбас» көлдер жүйесін толтыру және Аманөткел, Райым, Жетес би, Қамыстыбас, Жаңақұрылыс ауылдық округтеріндегі жайылымдық



шабындық жерлерін суландыруға мүмкіндік туады.

Жағдайды саралаған облыс басшысы орынбасары Бақыт Жахановқа әртарапандыру бағытында ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жұмыстарын толыққанды аяқтап, күтіп-бантау кезеңін қолға алуды тапсырды. Аудан әкімі Серік Сермағамбетов пен облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бауыржан Шаменовке шабындық жерлерді суару жұмысын бақылауда ұстау қажетін еске салды.

Аймақ басшысының Арал ауданына сапары Аққұлақ елді мекенінде ауыз су желісін іске қосу рәсімімен қорытындыланды. Ауыл ішінде 4785 метр магистральді су желісі тартылған. Сонымен бірге, ескі су айдау стансасының ғимараты күрделі жөндеуден өткізіліп, әр үйге сусептегіш қондырғылары орнатылған.

Облыс әкімі ауыз су игілігіне кенелген ауыл жұртын Астана күні қарсаңындағы қуанышымен құттықтады. Сөз тізгінін жалғасаң ауыл ақсакалы Кенжебай Орынбасаров атқарған жұмыстарға алғысын білдірді.

Қазалы ауданында облыс әкімі бірқатар әлеуметтік нысандардың жұмысын көріп, тұрғындармен кездесті. Ең әуелі аудандық Ардагерлер үйінің қызметін бағамдап, еңбек ардагерлерімен пікірлесті. Айта кету керек, аудандағы Ардагерлер үйі 2015 жылы демеушілер есебінен пайдалануға берілген. Ғимаратта тренажер, асхана, демалыс, дәрігер, ем қабылдау бөлмелері бар.

Су тапшылығының алдын алу, ауыл шаруашылығы саласы, денсаулық сақтау мәселелері айтылған басқосуда ақсақалдар

аудан үшін өзекті «Қарлан» кенті құрылысын аяқтауға ықпал етуді сұрады. Өз кезегінде аймақ басшысы көпір құрылысын аяқтау күн тәртібінде тұрғанын, оны жүзеге асыру кейінге шегерілген жобалар негізінде қаралатынын атап өтті. Кездесуде аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразалы Бекбанов бата беріп, аймақ басшысының жұмысына сәттілік тіледі.

Мұнан кейін облыс әкімі аудан орталығында орналасқан Б.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназиясында қосымша спорт зал құрылысын көріп, нысанды жана оқу жылына дейін аяқтауды міндеттеді. Мұнымен қоса, Өйтеке би кенті – Қазалы қаласы аралығындағы «Рәміздер аллеясы» жанынан бой көтермек «Жалаңтөс батыр» ескерткіші орналасатын орындарды көрді.

Сондай-ақ Құмжиек ауылдық округінде орталық саябақта тұрғындармен кездесіп, мәселелерін тыңдады. Жүзлесуде ақсақалдар ауылдың спорт кешенінің құрылысын бастау, жана балабақша салу қажеттігін атап өтті. Тұрғындар тілегін тыңдаған облыс әкімі әлеуметтік нысандарды салу «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасында көзделгенін, құрылыс кезең-кезеңімен аяқталатынын жеткізді.

Қарашенгел елді мекеніндегі «Жалаңтөс батыр» ЖШС-ның егіс көлемі – 1255 гектар. Егіс алқабында стөнд арқылы ауданның ауыл шаруашылығы дақылдарының орналасу көрсеткіші мен алдағы жоспары таныстырылды. Гүлшара Әбдіқалықова облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының

басшысы Талғат Дүйсебаев пен аудан әкімі Мұхтар Оразбаева су тапшылығына байланысты ауылшаруашылық дақылдарын әртарапандыруды және егін алқаптарын суару кестесін ұдайы бақылауға алуды жүктеді. Екі ауданға жұмыс сапарын қорытындылап, мәселелерді жан-жақты таразылауды аудан басшылары мен сала жетекшілеріне міндеттеді.

Арал, Қазалы аудандарындағы бірнеше ауылдарға барып, елдің ішіндегі өзекті болып тұрған құрғақшылықтан туындаған мал азығының жетіспеушілігі, малдың қырқылуы, су арналарын тазарту мәселелерін саралап, тиісті шешімдер қабылдады. Қазір жағдай түзеліп, мал азығынан тапшылық көріп отырған аудандарға көрші аудандардан жем-шөп, жоньықа жеткізілуде. Арал ауданына төтенше жағдай жариялау процедуралары аяқталуға жақын. Жағдайдан шығудың механизмін сызып, қысқы маусымға мал азығын алдын ала жинап алу жұмысын үйлестірудеміз. Егін мәселесі де тысқары қалмайды. Сала мамандарымен бірлесіп күн сайын жағдайды бақылап отырмыз. Суды үнемдеп пайдалануды және шаруа қожалықтарына су бөлінісін кестеге сай бөлу жұмыстары жолға қойылды. Барлығы да өзіміз бақылауымызда, – делі Гүлшара Әбдіқалықова.

Жұмыс сапарының екінші күні облыс әкімі Қармақшы ауданында болды. Алдымен Жосалы кентінің «Тәуелсіздік» ықшама ауданындағы көпбалалы отбасыларға арналған тұрғын үйлер құрылысымен танысты. Мұнда салынбақ 10 тұрғын үйдің алғашқысы бой көтеріп үлгерген. Аудан әкімі Мұса Қалдарбеков

ауданда жоспарланған құрылыс жұмыстарын таныстырды. Биыл мұнда бірқатар маңызды нысандар құрылысына 4,3 млрд теңге қаржы бөлінген. Атап айтқанда, Байқоңыр қаласында 50 пәтерлі 5 тұрғын үй құрылысы, Байқоңыр қаласын сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкциялау, Жосалы кентіндегі дене шынықтыру-сауықтыру кешені, кенттегі Т.Рыскулов көшесі тұйығын абаттандыру, аудан орталығында «Рәміздер алаңы» орнату жоспарланған.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы елді мекендерге тән өзекті мәселелерді шешуге түрткі болып отыр. Ауданда бағдарлама аясында ауқымды жұмыс атқарылуда. Атап айтқанда, Төртәмде 20, Жосалы кентінде 6, Ақайда 6, III Интернационал ауылында 3 көше жөнделеді, – делі М. Қалдарбеков.

Облыс әкімі құрылыс жұмыстарының уақытында басталуын, сапалы жүргізілуін қадағалауды тапсырды.

Жосалы жұрты үшін тағы бір қуанышты жаңалық – ауданға «көгілдір отын» келді. Бұл көпшіліктің қашаннан бергі арманы десек те болады. Аймақ басшысы газ құрылысы мен кварталшілік газ құбырын іске қосу рәсіміне қатысып, кент тұрғындарын құттықтады.

Тәуелсіздік жылдары өңірде жасалған маңызды жұмыстың бірі – газдың келуі болса, екіншісі – «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық транзиттік автожолы. Бұл экономикалық дамуымызға да, халықтың әлауқаты көтерілуіне де септігін тигізуде. «Бейнеу - Бозой - Шымкент» магистральді газ құбыры Сыр еліне зор мүмкіндік береді. Облыс аумағынан өтетін 846 шақырымдық газ құбыры Қызылорда облысын газдандыруға жол ашты. Кешенді газдандыру жобасының бірінші кезеңі бойынша 4 аудан орталығы – Арал қаласы, Өйтеке би, Шиелі және Жаңақорған кенттері, сондай-ақ Байқоңыр қаласы газдандырылған болатын. Қазіргі таңда осы өңірдегі тұрғындар «көгілдір отынның» игілігін көріп отыр. Кейінгі кездері газ тартылмаған үш аудан болатын. Соның бірі Теренөзек кенті қыста газға қосылып, 11 мың адам «көгілдір отынға» қол жеткізді. Енді қалып тұрған екі аудан орталығы – Жосалы мен Жалағашта да жұмыс аяқталып, осындай қуанышты сәттің куәсі болып отырмыз, – делі облыс басшысы.

Ауданға тартылған газ құбырының жалпы ұзындығы – 161,3 шақырым. Облыс әкімі бытыр Арал ауданындағы Жалқықлыш кенті, Қазалыдағы Ғ.Мұратбаев ауылы, Шиелідегі Байсын ауылына газ беріле бастағанын, бұл жұмыстар Қармақшы ауданында да қарқынды жүріп жатқанын атап өтті. Рәсімінен соң аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қаршыға Есдәулет сөз сөйлеп, алғыс білдірді.

Мұнан соң Г.Әбдіқалықова кентте алғашқылардың бірі болып «көгілдір отынға» қосылған Тоғанас батыр көшесінің тұрғыны Асқар Жылқыбаевтың отбасын құттықтады.

Газ беріле бастағанына қуаныштымыз. Жыл сайын күз келгеннен бастап отын-көмірді қамдаймыз. Қыс бойы үзбей от жағып, қайта-қайта күл алу қиындық тудырушы еді. Енді «көгілдір отын» қосылды. Бұл – жалғыз менің ғана емес, Жосалы кенті тұрғындарының қуанышы, – делі А.Жылқыбаев ризашылық білдіріп.

Облыс әкімі аудан орталығына жақын орналасқан ауылдардың бірі Ирқол ауылдық округіне барып, ардагерлермен кездесті. Ауыл тұрғындары аяқсу мәселесін көтерді. Ауылға келетін жарма суы бұрылып кеткен. Жұртшылық шлюз орнатылып, су беру жүйеге келтірілсе деген өтініш айтты. Нақты шара қабылданағын болады.

Қармақшы – егінге қажет судың тапшылығы байқалып отырған аудандардың бірі. Ауданға былтыр 320 млн текше метр су алынған. Ал, биыл 309 млн текше метр су алу жоспарланып, әзірге оның 282 млн текше метрі келіп үлгерді. Өңір басшысы Ақжар ауылдық округіндегі «Ақжар» шаруа қожалығының егін алқабында болды. Мұнда биыл 682 гектар жерге егін егілген. Дегенмен, су тапшылығы болмағанда жұмыс пен техника күші 1 мың гектарға егін салуға жетеді. Қожалық басшысы Нұрлан Қошшабаев шаруалардың су тапшылығына алаңдауды ескеріп жеткізді.

Мұнан соң облыс әкімі Жалағаш ауданы орталығындағы газ құбырын іске қосу рәсіміне қатысып, ауыл тұрғындарының қуанышына ортақтасты. Ерекше күнде ауыл ақсакалы Оспан Жаузақов игі істердің жалғасын тауып, ел несібесінің мол болуын тілеп, көпшілікке ақ батасын берді.

Облыс әкімі мұнан соң жаңадан салынған жабық бассейнін кешенін ашты. Жаңа үлгідегі бассейні халық игілігіне қызмет етіп, салауатты өмір салтын ұстануға септігін тигізеді деп сенім білдірген аймақ басшысы бұл нысан Астана күніне тарту болып отырғанын тілге тиек етті.

Жеке кәсіпкер Қайыржан Құлтековтің өз қаражаты есебінен салынған бассейнінің жоба құны – 350,3 млн теңге. Шара барысында ардагер Раушанбек Смағұл аудан тұрғындары атынан алғыс айтып, батасын берді.

Есепар кезінде облыс әкімі «Рәміздер алаңының» құрылыс жұмыстарын көріп, «Бизнеске арналған Үкімет» кәсіпкерлер үйі жұмысымен танысты. Алдағы ауыл әкімдерінің сайлау науқанына дайындық барысын саралады.

Аймақ басшысының жұмыс сапары Аққыр ауылдық округінде жалғасты. Мұнда ауыл тұрғындарымен кездесіп, дәрігерлік емхананың жұмысын, еке жұмыстарының қарқынды бағдарлауы.

Жалағаш өңірінде облыс басшысы Мырзабай ахун ауылдық округіндегі алма бағына аялдады. Биыл 12 гектарға 8 мың түп алма егілген. Жеке кәсіпкер Ерулан Өмірсереріков алғашқы өнім 2023 жылы беріледі деген ниетте. Облыс әкімі алма бағының иесіне сәттілік тілеп, жеміс-жидек өнімін өндіру арқылы жергілікті нарықты толықтыру қажеттігін атап өтті.

Жұмыс сапары соңында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова аудан әкімі Асылбек Шаменовке су тапшылығына байланысты және вакцинация жұмыстарын барынша тиімді ұйымдастыру шараларын үнемі бақылауда ұстап отыруды жүктеді.



Суреттер түсірген Бағдат Есжанов

1-бет

ҮЕҰ жұмысы жанданып келеді

Аймақта үкіметтік емес ұйымдар саны көбейіп, азаматтық белсенділік деңгейі артып келеді. Кеше Жастар ресурстық орталығында «Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы Ассоциациясы» Занды тұлғалар бірлестігі үйлестіру кеңесінің кезекті отырысы өтті. Жыныға облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет қатысты.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»

Бірқатар ҮЕҰ өкілдері жиылған шарада алдымен Жастар ресурстық орталығы ғимаратында орналасқан «Азаматтық орталық» жұмысы таныстырылды. Бүгінде өңірдегі өзекті проблемалардың шешілуінде азаматтық сектордың өзіндік ықпалы бар. Облыс әкімінің орынбасары азаматтық қоғам өкілдері ел үшін аса маңызды жұмыстар атқарып жүргенін ерекше атап өтті.

Аймақта қазір 1094 ҮЕҰ тіркелген. Былтырғымен салыстырғанда биыл мұндай ұйым саны 98-ге артқан. Оның 454-і өңірдің қоғамдық-саяси өміріне араласып, жауапты жұмыстарды жүзеге асырып келеді.

– Ел тәуелсіздігінің 30 жыл-

дығы аясында быылдан бастап Азаматтық Альянс базасында 242 ҮЕҰ-ға кеңес беріліп, 62 ҮЕҰ дерекқорға мәлімет тапсырды. 29 ҮЕҰ мемлекеттік тапсырыс порталы арқылы әлеуметтік жобаларға, Тұңғыш Президент қоры грантына өтінім беріп, нәтижесінде Азаматтық Альянс мүшесі – «Арал Аруана» қоғамдық бірлестігі грант иегері атанды. Сонымен қатар, азаматтық қоғам өкілдері Азаматтық форумға, «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы мен «Жомарт жүрек» сыйлығына қатыстырылуда, – делі облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова.

Өңірде әлеуметтік-экономи-



калық бірқатар мәселе ҮЕҰ-мен бірлесіп жұмыс істеу нәтижесінде оң шешім табуда. Облыс әкімдігі жанында Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңес жұмыс істейді. Мұнан бөлек, Қызылорда қаласы және барлық аудан әкімдіктері жанындағы Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі 8 кеңес бар. Сондай-ақ, әлеуметтік жобалардың нәтижесі мен өзектілігін бағалау үшін облыстық «Сарапшылар кеңесі» құрылған.

Жыныда «Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы Ассоциациясы» ЗТБ-ның төрайымы Анар Ізден Азаматтық орталықтың жұмысын ұйымдастыру стратегиясына, атқарылған жұмыстарға кеңінен тоқталды.

Бүгінде шетел транстарын ұтып алып, өңірдің әлеуметтік, экологиялық мәселелерінің шешілуіне үлес қосып жүрген ұйым бар. «Арал теңізі» ҚБ төрайымы, Ассоциацияның Арал ауданы бойынша өкілі Айнақұл Баймаханова жоба жасауда ауданда орналасқан ауылдардың

басты қажеттіліктерін ескерген. Айталық, соның нәтижесінде 4 ауылдың балабақшасы керует, шкаф, стол, орындық, әткеншек сынды жабдыктармен қамтылған. Ал, енді бір ауыл медициналық құралдармен қамтыла, екі көршілес ауылға май құю бекеті салынған. Көк теңізге толқынмен арналысып, аптапал үй көрмейтін балықшылардың жағдайы да ескерілген. Оларды ынғайлы вагонжайлармен қамтамасыз етсе, ұялы байланыс жоқ жерлерде бір-бірімен хабарсыз қалатын балықшыларға рация

қондырғылары табысталған. Қоғамдық бірлестік осы кезге дейін тұрғындардың талабын тындап, шалғай ауылдарда ау құралдарын жөндейтін шех пен инкубациялық шех сынды ең қажетті деген нысандардың ашылуына еңбек еткен.

Мұнан бөлек, «Өркениетті өлке» ҚҚ төрағасы, Ассоциацияның Жаңақорған ауданы бойынша өкілі Нұрхан Айдаров, «Сырдария ауданының әйелдері» ҚБ төрайымы, Ассоциацияның Сырдария ауданы бойынша өкілі Үлмекен Жаналиева ауданда атқарылған ауқымды жұмыстар туралы сөз қозғады.

Жыныда облыс әкімінің орынбасары азаматтық қоғам өкілдерінің ұсыныстарын тындап, ҮЕҰ-ның жұмысын кенінен насихаттау бағытында брифингтер өткізіп, аудандарға пресс-тур ұйымдастыру керекін атап өтті.

Сондай-ақ, шара барысында аймақта 20 жылға жуық белсенді жұмыс істеп келе жатқан ҮЕҰ өкілдері Алғыс хатпен марапатталды.

● АСТАНА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

«БЕЙБІТШІЛІК ҚАЛАСЫ» ҚАЛАЙ БОЙ КӨТЕРДІ: ЖАҢА АСТАНАНЫҢ ТҮСАУКЕСЕРІ АЛДЫНДА

1998 жылы Қазақстанның жаңа Астанасы ұшы-қиыры жоқ бір үлкен құрылыс алаңындай болып көрінді! Шынында да, жұмыстың қарқынды жүргені соншалық, 10 маусымға дейін бірдененің жасалып болатынына ешкім де сенбеді. Мен қазір де артқа көз салсам, осының бәрі сондай аз уақыттың ішінде қалай жасалғанын түсінбеймін.

Президент елорданың салынып жатқан және қайта жаңғыртылып жатқан нысандарын үнемі аралай отырып, құрылысшыларды да, бізді де өзінің энергиясымен, белгіленген барлық нәрсенің орындалатынына деген сенімділігімен жігерлендірді. Маусым айының басына дейін бізге қала орталығын қалпына келтіру тапсырылды. Барлық егжей-тегжейлерді талқылағаннан кейін біз тек орталықтың өзімен шектелмей, оған жақын орналасқан Кенесары, Абай, Омаров, Сейфуллин, Желтоқсан, Бейбітшілік, Бөкейхан даңғылдары мен көшелерін жаңартуды жөн көрдік.

«Жанарту» бұл қысқаша айтқанда, ал егер нақтырақ айтсақ, онда біз алдымызға ондаған үйлердің қасбеттерін ретке келтіру, жүздеген балқондар мен лоджияларды әйнектеу, 20 шақырымға жуық жолжиктерін, ондаған мың тонна асфальт-бетон, 30 мың шаршы метрден астам төсем төсеуді, т.б. міндеттерді қойдық. Және мұның барлығы белгіленген нысандарға қосымша.

Қалада «біз қалған уақытта бәрін жасауға үлгермейміз» деген ашық әңгімелер жүріп, ал тұсаукесер кейінге қалдырылды деген қауесет тарай бастады. Оның үстіне маған жан-жақтан: «Елбасыға датаны кейінге шегеру керек деп айт, өңін де түсін, егер үлгермесек, жұмыстан бірінші болып сен айырыласың», – деп кеңес берушілер көп болды.

Бірде қаланы кезекті аралап жүргенде, кестеден қалып қоюшылық байқалған нысанда болдық. Жұмыс қарқыны туралы мердігермен болған әңгіме кезінде солардың бірі: «Асығып не керек, бәрібір тұсаукесер датасын шегеріп жатыр емес пе?», – деді. «Кім айтты?» деген сұрағымға жауап ала алмадым. Ал келесі күні Нұрсұлтан Әбішұлының жанында тұсаукесер нысандары бойынша жұмыс барысы қарастырылуы керек жиналыс белгіленген еді. Мен бәрін өзім анықтап алуды жөн көрдім.


Кездесу әдеттегідей іскерлік сипатта, тез өтті. Дәлізге шықтық, мен өз сұрағыммен Елбасыға жақындамақ болған едім, ол өзі-ақ мені шақырып

алды. «Менің ойымша, – деді Нұрсұлтан Әбішұлы – тұсаукесерге қарай жаңа астанаға үлкен үлес қосқандарды марапаттау үшін «Астана» медалін ұйымдастырсақ, жақсы болар еді. Мен жобамен ол осылай болуы керек деп ойлаймын», – деді де, терезе алды тақтайына қағазын қойып, медальдің нобайын сыза бастады. Айтпақшы, «Астана» медалі сол эскиз бойынша жасалды да.

Нұрсұлтан Әбішұлының көзінде суретшінің құмарлығы ойнап тұрды. Ол сурет салып тұрып: «Қалай, жаман емес пе?», – деп сұрап қояды. Ешқандай шегеру туралы әңгіме жоқ, болмайтынын да түсіндім. Және үлгеру үшін қолдан келгенің бәрін істеу керек. Ал Елбасында жалғыз ғана сол нобайлар емес еді. Өртүрлі уақытта ол Қабылдау үйінің, Президенттің мәдениет орталығының, Орталық алаңдағы жаңа фонтандардың эскиздерін салды.

1998 жылдың жазы Астанада ыстық болды. Жауын-шашын аз болды. Жұрт ыстықтан жағажайлар мен саяжайларға барып, жан сақтады. Алайда, қала жансыз болып көрінбеді: тұсаукесерге дейін астана қабылдаған құрылыс ыргағы динамикалық болып қала берді.

Енді тозығы жеткен үйлер тек қаланың орталық бөлігінде ғана емес, басқа бөліктерінде де бұзылды: Слободка, Иманов, Кенесары көшелерінде, Солёная балқада.



Қадалар қағылды, Еуразиялық университеттің жаңа корпусының іргетасы бетондалды, ал Фараби шағын ауданындағы орта мектептің құрылысында нәлдік цикл бойынша жұмыстар аяқталды. Ішкі істер министрлігінің үлкен спорт кешенінің, сондай-ақ көптеген тұрғын үйлердің қабырғалары көтеріле бастады. Қаланы абаттандыру және қонғаландыру қарқыны да бәсеңдеген жоқ. Астананың орталығы өзінің қазіргі кейпіне еніп үлгерді, ал алты айдан астам уақыт қалада болма-

ғандар осында көп нәрсе өзгергендіктен, оны танымал қалып жатты.

Шетелдік қонақтар да астананың сәулеттік келбеті мен мәдени өмірінде болып жатқан өзгерістерді байқады. Бізге ЮНЕСКО-дан ресми хат келді, онда Астана «Бейбітшілік қаласы» атағын алуға халықаралық байқауға қатысуға шақырылды. Біз сауалнамаларды толтырып, қажетті құжаттарды жинап, Париждегі ЮНЕСКО-ның штаб-пәтеріне жібердік. Әрине, жеңіске аса сенсе қойған жоқпыз.

Алайда 1999 жылғы 6 мамырда ЮНЕСКО-ның Бас директоры Федерико Майордан Астанаға «Бейбітшілік қаласы» деген жоғары атақ берілгенін мәлімдеген жеделхат келді. Марапатты тапсыру рәсімінде Федерико Майор: «Астана жаңарған егемен Қазақстанның символына айналды» деп атап өтті. Осыдан артық айта алмайсыз да.

Әділбек ЖАҚСЫБЕКОВ,
мемлекет және саяси
қайраткер.
100angime.kz

Бүгінгі ұрпақ пролетариат көсемі Лениннің «Кеңес Әкіметі дегеніміз – коммунизм және бүкіл елді электрлендіру» деп ұран тастағанын біле бермейді. Қазіргі түсінікпен айтқанда, біріншісі утопия болды, екіншісі ғасыр өтсе де әлем экономикасының қозғаушы күшіне айналды. Егер жанкешті бәсекеге төтеп берем десеңіз, энергиясыз күннің жоқ. Бұл – шындық.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы»

Сарапшылар пікірінше, Қазақстан – әлемде ең көп энергия пайдаланатын елдердің бірі. Біздің экономика Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдермен салыстырғанда, энергияны 3 есе көп пайдаланады. Себебі Қазақстанда ішкі жалпы өнім құрылымында қызмет көрсету секторының үлесі басым. Бұл өнеркәсіптік кәсіпорындардың негізгі қоры мен құрал-жабдықтары Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының, әлемдегі басқа да озық елдердің заманауи стандарттарына сай келмейді дегенді білдіреді. Бұл энергия тұтынуында ысыраптың көп екені байқатады. Президент осы орайда өнеркәсібіміздің негізгі қорларын шынайы жаңғыртудың орнына көбінесе көзбояушылық жасалатынын атап көрсетті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тарифтердің әділдігі мен қолжетімділігін маңызды экономикалық және әлеуметтік мәселе деп санайды. Пандемияның кері әсерін төмендету мақсатында осы жылдың бірінші тоқсанының соңына дейін барлық тариф түрлері кейінге шегерілді. Сонымен қатар тарифтерді үнемі бір деңгейде ұстап тұру мүмкін емес. Тарифтер дәйекті шығындарды жабуға және саланың дамуына мүмкіндік туғызуы тиіс.

Мына шындықты айналдыртып өтуге болмайды. Қазақстанда қазір тарифтерді қымбаттату мәселесі бастапқыда бизнес пен бюджеттік ұйымдарға жүктелетін еді. Жекелеген аймақтарда оның айырмашылығы 400 процентке жетеді. Бұл нарықтың дамуына кесірін тигізгіп қана қоймайды, энергияны үнемдеп тұтынуға да еш пайдасын әкелмейді. Энергияны тиімді пайдалану және оны көп тұтынуы төмендету міндеті орындалмай отыр. Егер электр қуаты босқа ысырап болса, онда өте қымбат энергиялық тиімді материалдар мен құрал-жабдықтарды пайдаланудың не қажеті бар?

Қазір әлемде өнеркәсіп пен экономиканы көміртегіден айдқылуың орнықты үрдісі бай-

ТОСЫН ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУ ҚАЖЕТ

ЭНЕРГЕТИКА:



қалады. Еуропалық одаққа мүше елдерде парниктік газдардың қалдығын 2030 жылға қарай 55%-ке азайту жоспарлануда. 2023 жылдан бастап Еуропалық одақта көміртегі салығы енгізіледі. Бұл қазақстандық өнімнің экспорттың едәуір қиындатуы мүмкін. Жаңа жағдайларға байланысты тауарларға қойылатын техникалық регламенттер, стандарттар мен талаптар өзгереді.

Әлемдік дамудың қазіргі кезеңінде кез келген елдің мәртебесі, беделі, соған сәйкес халықаралық мүмкіндіктері, көп жағдайда, көміртегіден ала әлемдік экономикаға қосқан үлесі бойынша айқындалатын болады. Атап айтқанда, бұл – еліміздің Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына қабылдану мүмкіндігін анықтайтын өлшемдердің бірі.

Осыған орай, Президент тапсырмасы бойынша Қазақстанда 2050 жылға дейін көміртегін аз пайдаланып,

дамуды тұжырымдамасы әзірленіп жатыр. Сондай-ақ Үкімет Электр энергетикасын дамыту жөніндегі ұлттық жобаны пысықтауда, еліміздің 2035 жылға дейінгі энергиялық теңгерімі дайындалуда.

Қазақстанда негізгі энергия қуатын беретін нысандар, оның ішінде, жылу станциялары 40 жылдан астам уақыт жұмыс істейді. Сарапшылардың мәліметіне сәйкес, олардың 50 проценттен астамы тозған. Бұл электр станцияларындағы технологиялық заң бұзушылықтардың артуына әкеп соқтырады.

Сонымен бірге Қазақстан жаңартылатын және баламалы қуат көздерін дамытуға нақты бағыт алды. Еліміз жалпы энергия теңгерімі құрылымындағы жаңартылатын қуат көздерінің сапалы өсімін 3%-ке жеткізе алады.

Бұған дейін біз бұл көрсеткішті 2030 жылға қарай 10%-ке дейін жеткізуді мақсат еттік. Жаңа жағдайларды және

қазіргі оң қарқынды ескере отырып, электр қуатын беретін станциялардағы жаңартылатын қуат көздерінің үлесін 2030 жылға қарай 15 процентке дейін жеткізу міндеттелді.

Жалпы саладағы мәселе күрделі. Сондықтан Мемлекет басшысы атом энергетикасынан алдын ала бас тарту дұрыс емес әрі қате деген мамандардың пікірімен келісті. Бүкіл дамыған әлем атом энергиясына иек артады. Бұл ретте үрейге бой алдыру орынсыз. Дегенмен, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын табанды түрде жүргізу қажет. «Атом станцияларының құрылысын бастауға асықпаймыз, алайда бұл істі кейінге ысыруға да болмайды» деді Президент.

Мемлекет басшысы өз сөзінде электр желілері компанияларының жұмысын реттеу қажет екенін атап өтті. Үкімет пен облыстардың әкімдіктеріне электр желілерін кезең-кезеңімен жаңарту үшін кешенді шаралар қабылдау тапсырылды. Бұдан бөлек, кадр мәселесі де өте өзекті болып отыр.

Қазақстанда энергетика саласы бойынша маман даярлайтын 24 жоғары оқу орны болғанына қарамастан, электр монтерлері, жоғары вольтті желілерді жөндеушілер мен басқа да жұмысшы мамандар тапшы. Инженерлік-техникалық қызметкерлердің орташа жасы – шамамен 50-де. Оның үстіне бұл саладағы қызметкерлердің еңбекқабілеті де төмен. Соның салдарынан 2015-2020 жылдар аралығында қарлдардың тұрақтамауы 4-тен 15%-ке дейін жетті.

Қазір халық санының артуы және экономиканың өсімі жаңа қуаттарды енгізуді талап ететіні сөзсіз. Алайда мүмкіндіктер шектеулі. Сондықтан экономиканың энергия сыйымдылығын азайту – маңызды міндет. Оны шешу тауарларымыздың және тұтас салалардың бәсекеге қабілетті болуына тікелей әсер етеді.

Экономиканың өзін-өзі қамту деңгейі деген ұғым сан салалы. Ол негізінен біздің пайымдауымызда, экономиканың бірқатар саласында импорт алмастыру саясатын көздейді. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда аз нәрсе атқарылған жоқ. Бірақ ол қазіргі әлемдік жанкешті бәсекелестік жағдайында жеткізіліссіз. Президенттің көздегі – жіберген ойландыратымыздың орнын толтыру, сыртқа өнім шығару, осының нәтижесінде сатылған өнімнен келетін қаржы түсімін молайту. Бізді әлі де анықтауды қажет ететін мына

цифр біршама алаңдатады. Экономикада импорт үлесі 60 процент құрайды.

Қазақстанда табысы көп салалар ретінде энергетиканы, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету буындарын атауға болады. Нақ осы сектор экономиканың жаңа құрылымын қалыптастыруға ықпал жасайды. Түсінікті тілмен айтқанда, энергетика дегеніміз мұнай, газ, уран, тағы басқалар. Бірқатар сарапшылар атом энергиясының орнына Қазақстанда мұнай-газ секторын пайдалану мүмкіндігі толық игерілмей отырғанын айтады. Елімізде индустрияландырудың екі бесжылдығында бірқатар шаралар іске асырылды. Бірақ ол жаһандық экономиканың бүгінгі жанкешті бәсекесіне төтеп бере алмай отыр. Біздің пайымдауымызда, цифрлар тым көтеріңкі. Осыған орай Президент экспорттық және ішкі нарықтардағы нақты мүмкіндіктерді айқындап алу мәселесін бірінші кезекке шығарды.

Аталған мәселе бойынша облыста не істеліп жатыр? Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына сұрау салып төмендегідей деректерге қанықтық.

Бүгінде облыстағы электрмен қамту жүйелерінің жалпы ұзындығы 10 мың шақырымнан астам электр желілерді және әр-түрлі кернеуліктегі 1837 дана қосалқы станцияларды құрайды. Олардың тозу деңгейі 69 процент болып отыр.

Жалпы соңғы бес жыл аралығында Арал және Қазалы аудандарында кернеулігі 110/35/10 кВ «Арал», «Жаңақазалы» қосалқы станциялары және Қызылорда қаласындағы «Тасбөгет», «Арай», «Орталық», «Шымбай», «Жаңаарық», «Қазандық» 35/10 киловольттық қосалқы станциялары, Сырдария ауданындағы «Теренөзек» 35/10 киловольттық қосалқы станциясындағы оперативтік басқару пункті және трансформаторлық қондырғылары, сонымен қатар Қармақшы ауданы Жосалы кентіндегі 220/35/10 кВ қосалқы станциясы және Төретам елді мекеніндегі 35/10 кВ қосалқы станциясы қайта жаңғыртылды.

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында (2019 жылы) «Қызылорда қаласының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту және орналастыру шеңберінде, «Саяхат» шағын ауданындағы 1060 жер учаскесінің электрмен қамту жүйелерін дамыту мақсатында, заманауи қажет-

ланған сымдарын пайдалана отырып 36 шақырым кернеулігі жоғары электр желілерінің құрылысы салынып, 16-дана қуаттылығы 400 кВА блоктық модульді-трансформаторлық қондырғылар орнатылды.

«Қызылорда жылуэлектр-орталығы» бойынша 2020 жылы 1,4 млрд теңгеге инвестициялық бағдарлама жоспарланып, 1,3 млрд теңгеге орындалды. Оның ішінде жылу энергиясын өндіру бойынша – 69,7 млн теңгеге АБМК №4-тің №1 қазандығына күрделі жөндеу, желілік сорғыға, су жылытқышқа, буландырғыш қондырғының қыздырғышына, аккумулятор багіне және басқа да қосалқы бөлшектерге жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Жылу энергиясын тарату бойынша – 1,3 млрд теңгеге жылу желілеріне, оның ішінде қаспорының өз қаражаты есебінен 57,4 млн теңгеге 7 920 м әртүрлі диаметрдегі кварталаралық желіге жөндеу жасалған.

Бюджет есебінен «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша 1,2 млрд теңгеге – 1 453,5 м желіге қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілген.

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» бойынша 2021-2026 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламаға сәйкес, Қызылорда қаласында 150 шақырымнан аса жоғары кернеулі электр тарату желілері мен 1 дана 10 кВ орталық тарату пунктін қайта жаңғырту және 7 дана қосалқы станцияны қосу жоспарланған.

2021 жылға электр энергиясын беру қызметтеріне бекітілген тариф қосылған күн салығынсыз 1кВт*сағ үшін 5,018 теңгеге құрайды.

Сонымен қатар, инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есеп Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітілген «Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына» сәйкес белгіленген уақытта уәкілетті органдарға жолданады және кәсіпорының интернет ресурсында жарияланады.

Экономика тілі цифрлардан, дәйектерден құралады. Иә, бірқатар жұмыстар атқарылды. Негізгі қорлар жаңартылып жатыр. 1990-жылдарға қарағанда үздік-сөздік берілген энергиядан арылдық. Бірақ Сыр өңірі энергияға қажеттіліктен толық арылған жоқ. Егер сол 1990 жылы Қызылорда қаласы сағатына 45-50 МВт тұтынаса, қазір ол еселеп артты. 2000 жылдардың орта шенінде жылу орталығында пайдалануға берілген газтүрбиначалық станса қуат көзін еселеуді көздейді. Себебі қажеттілік өсуде, халық саны артып келеді. Сырдың өнеркәсіптік, әсіресе, мұнай бағытындағы көкжиегі үмітке жетелейді. Бұл, әлбетте, жаңа, тосын шешімдер қабылдауды талап етеді.

РУХАНИ
ЖАҒЫРУ

● ЕРТЕҢ – ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

Қазақтың қара домбырасының қасиеті сонда – күмбірлеген қоңыр үні естігенде еңбектеген сәбиден еңкейген қарияға дейін ете калары анық. Иә, екі шектен шертілген тұп-тұнық әуезді тұла-бойынды еріксіз баурап акететін тылсым күш бар. Домбыраның үнінде даланы дүбірлеткен тұлпардың шабысы, аққу-қаздың қанат қағысы, бозингеннің боздағаны, күйшінің көкірек шерін қозғаны, бәрі-бәрі бар.

Сб Газиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Даламыздың
үнісің сен,
домбыра

Дарига, домбырамды берші маған,
Жаныма келші жарым,

келші балам.

Бейуақ іңірдегі көңілме,
Күй болып, күңіреніп енші,

далам, – деп жырлаған Мұқағали ақын. Қарап отырсақ, осы бір шумақтың өзінде ақын жанына серік болған домбыраның қадір-қасиеті айқын аңғарылып тұр.

Турмағамбет халық аспаптар оркестрінің домбырашысы Еркін Базарбаев бала күнінен-ақ домбыра тартуға әуес болды. Әкесі ішкі істер саласының қызметкері болса да домбыра шертіп, ән айтатын. Сондықтан болар, бойында талабы бар баласын осы өнерге баулыған еді. Тасбөгет кентіндегі №176 орта мектебінде білім алған Еркін 9-сыныптан кейін қаладағы Қазанғап атындағы музыкалық колледжге оқуға түсті. Мұнда ұстазы Әлия Мұратбаевадан, колледжді бітірген соң Алматыдағы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына оқуға түсіп, жоғары білім алды. Консерваторияда жүріп, «Қазақконцерт» ұжымында, «Әлкисса» оркестрінің құрамында еңбек етті. Оқу орнын 2009 жылы бітірген ол Турмағамбет оркестріне шақырту алған еді.

Оркестр ел аумағын айтпағанда, әр жылдары өнер сапарымен Ташкент, Орынбор, Бакуде және Түркияның бес қаласында болып, бауырластарға дәстүрлі өнердің биік деңгейін танытып қайтты. Сондай-ақ, елімізде дәстүрлі өтіп тұратын «Жұбанов көктем» шығармашылық фестивалінде өнер көрсетіп, жүлделі орындар иеленіп жүр.

Домбырашы жігіттің жұбайы Айгүл Әбдіғаппарова да – өнер адамы. Қаладағы «Өнер» мектебінде фортепианодан дәріс береді. Ұлттық өнерді ұлық тұтқан Еркін Базарбаев балаларын да домбыра үйренуге баулып, олардың болашағына зор үміт артады.

– Тәуелсіз еліміздің тарихында ұлттық аспабымыз – домбыраның орны ерекше. Қазақ өнерінің киесі тұнған қасиетті бұйым. Сондықтан домбыраның үні бүгінгі ұрпақтың бойына сіңіру – біздің басты парызымыз, – дейді ол.

Әр қазақтың үйінде Құраннан кейін ілулі тұратын бір бұйым болса, ол – домбыра. Көне кезеңнің күмбірі іспетті қос ішекті, тоғыз пернелі қасиетті аспап жайлы дерек көп, аңыз-әңгіме жеткілікті. Бұл турасында тарих не дейді және облыста ең көне домбыра қайда сақтаулы? Тақырыпты кеңінен тарқатсақ.

Сб Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»

Әр
қазақтың
төрінде

«Ақсақ құландағы»
ақиқат

Тарихқа көз жүгіртсек, домбыра кешеден бүгінге жетіп, бүгіннен болашаққа жол тартып келеді. Зерттеушілердің бір парасы оны тас дәуірінде пайда болуы мүмкін деген пікірде. Бұған Хорезм маңынан табылған домбыра аспабына келіңкірейтін құралдың жартастағы суреті себеп. Археолог Кемел Ақышев дереккөздерде домбыраның жасын шамамен мыс дәуіріне өтер түс деп болжаған, яғни содан бергі уақытты есептеп қарағанда домбыраның кем дегенде 6 мың жылдық тарихы бар. 2008 жылы бұл пайымды толық дәлелдейтін артефакт табылды. Түрік бабалар V ғасырда қолына ұстап күй толғаған абыз домбыра Алтай тауының сырлы үңгірінен қазып алынған. Бұл – әлемдегі шертте саз аспабының ең көнесі. Ғалымдардың айтуынша, ішекті аспаптар тек X ғасырдан бері кең қолданыста болған. Ал, Алтайдан табылған домбыра бақандай 5 ғасыр ескі. Бір деректе үш мың, ал бір дереккөздерде бес мың жылдық тарихы бар деп жүрген домбыра жайлы сыр мұнымен бітпейді.

Әуелде домбыра үш ішекті, бітеу болған. Оның үш ішегінің біреуінің тағылмауы мына бір аңызбен байланысады. Қаһарлы қаған ұлының өлімін кімде-кім есіртетін болса, көмекшіне қайнап тұрған қорғасын құюды бұйырады. Ешкім-

нің жүрегі дауаламай тұрғанда домбырашы келіп «Ақсақ құлан» күймен есірттеді. Екі көзінен жас аға тындаған қаһарлы қаған «Күй, мынаның көмейіне!» деп бұйырды. Домбырашы орнынан ұшып тұрып, «Дағ тақсыр! Мен емес, мына домбыра ғой сізге есірткен» деген. «Олай болса, домбыраның шанағына күй, қорғасынды!» дейді қаған. Бұл – Жошы қаған дәуіріндегі оқиға. Біздің жыл санауымыздағы XIII ғасырдың басы. Дәлірек айтқанда, 1220-1227 жылдар шамасы. Осыған қарап, «Ақсақ құлан» күй аңызы тарихи шындықтың айшықты ақпарын бізге жеткізіп тұр деуге болады.

Көне жәдігер

Бірір жыл бұрын қызылордалық археолог Әзілхан Тәжекеев Сыр өңіріндегі Жетіасар қалашығынан кезінде табылған қазақтың музыкалық аспабы – домбыраға ұқсайтын көне жәдігер туралы жария еткен болатын.

– 1973 жылы Қызылорда облысы аумағында Хорезм экспедициясы арнайы зерттеу шараларын жүргізді. Сол жұмыстар барысында Жетіасар қалашығында да қажетті шаралар атқарылды. Аталған шара барысында домбыраға ұқсайтын дүние көзге түскен. Архивте қажетті мәліметтерге көз салып отырған сәтте оның домбыраға ұқсайтыны назарымды аударды. Аспаптар қасқырдың суреті ойылып салынған. Қазақ



шертер мен домбыраның қосындысын қоссаз деп атайды. Табылған аспаптың ұзындығы – 65 сантиметр. Демек, бұл аспап қоссаз домбыра болуы мүмкін және оның ежелгі түрлері болғанын дәлелдейді. Аспап біздің замандағы төртінші ғасырға жатады. Егер осы деректі нақтылай алсақ, Сыр өңірінде домбыраның ежелгі нұсқасы табылды деген сөз. Оны бабадомбыра атауға негіз бар, – дейді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, PhD докторанты Әзілхан Тәжекеев.

Әңгіме барысында археолог домбыраны қайта қалпына келтіру жұмыстарына серіпін берілгенімен бөлісті. Жақында жүзеге асқан бастама көп ұзамай нәтиже берері анық.

Жамбыл сыйлаған
домбыра

Тарихтан сыр шертетін ерекше тарту қазір облыстық тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы. Музейдің бас қор сақтаушысы Аманкүл Дүйсенбайқызы бұл жыр алыбы Жамбылдың нар тұлғалы Нартай Бекежановқа деген ықыласы екенін айтады. Екі алыптың саусағының ізі қалған домбыраны музей қорына

1974 жылы Шиелі ауданы Бәйгекүм ауылының тұрғыны Әлайдар Ембергенов табыстаған. 1934 жылы Алматыда өткен қазақтың үш жүзге жуық таңдаулы ақын, әнші-күйші, жыршы-жыраулары жиылған халық өнерпаздарының бірінші слетіне қатысқаннан кейін Нартай ақынның есімі шартарапқа жайылады. 1936 жылы ол Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің алғашқы онкүндігіне қатысады. Онкүндікті жыр алыбы Жамбыл ашыпты. Ал, 1949 жылы Мәскеуде өткен екінші онкүндіктің шымылдығын ашу Лиияс Омаровтың ұсынысымен Нартайға тапсырылыпты.

«О, Нартай,
Шешен таңдай,
Қасқа маңдай,
Аузыңнан шыққан сөз
іңің шекер балдай» деп өзіне де, өнеріне де үлкен құрмет білдірген екен. 1939 жылы Жамбыл Нартайға домбыраның жақтауына «Бекежанов» деп жаздырып, естелікке сыйға тартқан. Тарихи жәдігерді әрбір тұрғын танымдық көрме-лерден көре алады. Қилы кезеңдерден аман-сау жеткен бұл домбыра Алаш азаматы үшін қашанда қадірлі, қасиетті, киелі. Оны қолына алған әрбір қазақ тарихпен сырласып, болмысын таниды, рухтанып, намысын жани түседі.



Қара ағашқа жан бітірген

Қазалы ауданында Ерболат Қанатбай есімді домбыра жасаудың хас шебері тұрады. Оның қолынан 5000-нан астам аспап шыққан. Ол жасаған бұйымдарға өнер адамдары мен күйшілер де жоғары баға берген. Ұлттық домбыра күні қарсаңында шебермен тілдесіп, домбыра жасаудың қыр-сырын сұраған болатынбыз.

Сб Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Ұсталық өнер шеберіне әкесінен дарыған. Ол кісі ауыл-аймаққа белгілі ағаш ұстасы болыпты. Бала күнінде шеберханадан шықпайтын ол әрбір бұйымның жасалу жолын меңгерді. Ағаш түрлерін таңдауды білді. Бастапқы кезде күнделікті қолданыстағы заттарды жасап көрді. Қолының ептілігін байқаған әкесі кәсіптің қыр-сырын үйретті.

– Бала күнінен домбыраға әуес болдым. Есейгенде жасалу жолын зерттедім. Ең алғашқы

домбыраны 25 жасымда жасадым. Жиеніме тарту еттім. Дыбысы, бәрі де жақсы шықты. Осылайша, қызығушылығым оянып, тек домбыра жасауды қолға алдым. Мұны кез келген шебер жасайды. Бірақ үнін дөп басу қиын. Сондықтан нағыз ұста үйлесімділікті табу керек. Әр шебердің өз әдісі бар. Маған қалыптың қажеті жоқ. Бәрін қолдан жасаймын. Бір ғана станокты қолданамын. Ол ағашты тілуге арналған. Қалған құрал-жабдықтар ертеден келе



жатқан бұйымдар, – дейді шебер.

Айына орташа есеппен 20-дан астам түрін жасап,

еліміздің әр түрлісіне жібереді. Бағасы да қалтаға қонымды. Ұста бастапқы бес жылда ойып жасау әдісін қолданды. Қазір заманға бейімделіп өзге шеберлер секілді соңғы үлгідегі әдісті көдеге жаратып жүр.

– Домбыраны екі түрлі ағаштан жасаймын. Жергілікті қайың мен карағайдан. Әсіресе, қайыңнан жасалғаны сапалы болады. Көбіне өзге өңірлерден, жоғары оқу орындарынан тапсырыс түседі. Өнер адамдарына сый ретінде ұсынылған кездер болды. Бұрын домбыраны көпшілік Қарақалпақстаннан алдыратын. Бірақ оның ағашы қалың еді. Сондықтан үлкенге ыңғайлы болғанымен, балаларға сай келмеді. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін ағашты жұқартып, салмағын жеңілдеттім. Бала бойына сай еттім. Менің

қолымнан шыққан домбыраны арзан бағада алып, әрлеп, бояуын жақсылап жағып, үстіне баға қосып сататындар да бар, – дейді ұста.

Оның айтуынша, ата-бабаларымыздың ұлттық аспаптарын жасауда өз тәсіл-амалдары болған. Сондықтан көне домбыралардың акустикалық қасиеті ерекше. Ерболат әр домбыраның тұмысынан өзіне тән үні мен шертер күйі болуы керек деп есептейді. Ағашты жонып, аспап қалыпқа келгеннен кейін «тілін» шығару маңызға ие екенін де айтады. Дыбыстың дұрыс шығуы көбіне аспап бетінің дұрыс жабылуына, акустикалық деңгейі жоғары ағаш түрін таңдауға байланысты екен. Дыбысы қатты болуы үшін домбыраның беті жұқа және бел ағашы мықты болуы керек.

Қос
ішектің
күмбірі

Бабалардың үнін бүгінгі ұрпақпен жалғатқан домбыраны шертпейтін қазақ бұрын болмаған. Әр шаңырақтың төрінде ілулі тұратын аспапты өз дәрежесінде ойнау үшін туа бітті қабілетпен бірге арнайы білім керек. Мағжан Абдулла есімді кейіпкеріміз ұлттық аспапты ойнауға үш жасынан қызығушылық білдірген.

Сб Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Әжесі немересінің бойындағы ерекше қабілетті аңғарып, кішкентай домбыра сатып әкелген екен. Ойыншық домбырасын дыңғырлатқанына мән болған Мағжанды ата-анасы арнайы домбыра үйірмесіне білім алуға береді.

– Өзіміңнің бала кездегі орындамай қалған арманым домбыра тарту еді. Ұлым Мағжанның өнерге деген қабілеті кішкентайында байқалды. Үйде әжесінің домбыра шертіп, арасында ән айтатыны бар. Мамандығы басқа салада болса да, өнерге біртабан жақын. Анамның жанында жүріп, бірге домбыра шертетін. Сондықтан көп ойланбай Мағжанды жеті жасқа толғанда қаламыздағы М.Қалауов атындағы өнер мектебіне бердік. Үйірмені үздік аяқтап шықты. Алдағы уақытта да баламыздың өнерден алыстағанын қаламаймыз. Қазір басқа да аспаптарда ойнауды қолға алуда, – дейді әкесі Руслан Бейітов.

Өнер мектебінің 5-сынып оқушысы Мағжан 2018 жылы «Жеті өнер» II Халықаралық балалар мен жастар шығармашылық фестивалі-конкурсында 3-дәрежелі лауреат, V республикалық «Ақжелкен» өнер-білім байқауында 2-орынды иеленген. Ал 2019 жылы «Қазақстан үміті» республикалық жас өнерпаздар байқауында «Аспапта орындаушылық» өнер домбыра номинациясында I-дәрежелі дипломмен марапатталған. Мұнан өзге «Қазақстан таланттары», «Дала сазы» республикалық жарыстарда бас жүлде, бірінші орынды ешкімге бермеді. Халықаралық өнер сайыстарында да жүлдесіз қалмады. Өткен жылы «Жарық жұлдыз» атты халықаралық өнер байғесінде «Аспапта ойнау» жанрында 2-дәрежелі дипломмен марапатталды.

Талантты бозбала небәрі 13 жаста. Қос ішекті күмбірлеткенді жаны сүйетін жас өрен, әсіресе, Құрманғазының күйлерін орындағанды жақсы көреді. «Мен «Балбырауын» күйін орындағанда ерекше шабыттанымын. Домбыра маған рухани күш береді» деген өнерпаздың отты көздерінен ұлтын шексіз сүйетін ұрпақты көрдік.

Оның үлкен сахна төрін көрінуіне жетекшісі Жәнісқұл Сейтқасымованың сүйіспеншілікпен қолдауы екенін білеміз. – Болашағынан көп үміт күтетін оқушы Мағжанды әрқашан мақтан етемін. «Бұлақ көрсен, көзін аш» демей ме? Таланты бар осындай оқушылармен жұмыс істеу өте оңай. Ұлтымыздың қасиетті домбырасын шерттіп, оның қоңыр үнін естіп өскен ұрпақтың еліне, туған жеріне деген құрметі бөлек болмақ, – дейді үйірме жетекшісі.

Иә, Мағжанды талантты ұрпағымыз барда, домбыраның үні өшпейді!

Мен үшін тұлға деңгейіне көтерілген Серік Жолдасбекұлы ағамыз жөнінде қалам тартуға ойланп кірістім. Ол – шын мәнінде тұлға. Өйткені оның түсінігінде тұлға болу дегеніміз жауапты болу дегенді білдіреді.

Салық саласының саңлағы

Әр адамның алға ұмтылуында белгілі адамдардың ролі болады екен. Менің оқушы кезімде №143 орта мектепті «Алтын медальмен» бітірген мақтанштарының тақтасы болды. Солардың қатарындағы Серік ағамыздың бейнесі ерекше сақталды. Сондағы суреттерге қызыға қарап, «ондай болу қайда?» деп қоятынбыз. Менің тұжырымымда ол өмір жолында қабілеттіліктен кәсібилікке ұмтылыстың жолын әркез көрсете білген адам ретінде белгілі болды.

Серік Жолдасбекұлы туралы ой қозғағанда өңіріміздің қаржы, салық саласын қоса айтатынымыз, түсінікті жағдай. Тарихтан белгілі, салық жинаушыларды жалпы жұртшылық шын көңілмен жақсы көре бермейді. Дегенмен, осы салық саласында Секең ізденімпаз маман ретінде қала, облыстық басшылықта ширек ғасырға жуық уақыт абыроймен жұмыс жасады.

Мемлекет табысының көзі – салықты сапалы басқара білу басты талап. Демек, салықты бақылауды жетілдіру арқылы көлеңкелі экономикамен, салықтан жалтарушылармен және жалған кәсіпкерлікпен күресу жұмыстарын тиімді жүргізуге болады. Осы бағытта Серік Жолдасбекұлының ұйымдастырған жұмыстары жөнінде бірнеше мәліметтерге назар аударсам деймін.

Ол басты болып келгеннен кейін, 2014 жылдан салық жүйесіне қатысты бірқатар өзгерістер болды. Соның бастысы – 2014 жылдың I шілдесінен бастап шот-фактуралы электронды жазу жүйесінің енгізілуі. Тез арадағы ұйымдастыру шаралары негізінде өңірде 1560 қосымша құн салығын төлеуші болса, солардың 1170-і, яғни, 75 проценті, электронды шот-фактуралар ақпараттық жүйесінде тіркелді. Соның негізінде салық төлеушілер айтарлықтай шығынын үнемдеді.

Қызылорда өңірі – аймақтар арасында бірінші болып Индустрияландыру картасы жобасын өзектендіріліп қолға алған облыс. 2017 жылдан бастап біздің облыста жаңа бизнес жобалардың бірқатары экспортқа бағытталған еді. Халықтың да әл-ауқаты жыл сайын көтеріле бастады, яғни, тұрмыс жағдайымыз жақсарған сайын жаңа игіліктерге көз соза басталды. Бұл өз кезегінде сырт елдерден келетін түрлі тауар тасқынына жол ашады. Соның нәтижесінде, 2017 жылдың бірінші жартыжылдығында облыстың сыртқы сауда айналымы 172 млн АҚШ долларын құраса, бюджетке өндірілген кеден төлемдері мен салықтары 3 млрд 277 млн теңгені құрап, болжамды тапсырма 103,5% орындалды.

Кедендік қызмет көрсету сапасы тауарларды кедендік тазартудан өткізу уақытымен өлшенеді. Осы ретте, облыста тауарды импорт аямында босату үшін 1 сағат 03 минут, экспортқа шығатын тауарды тазартудан өткізуге 4 минут жұмсалады. Бұл – жоғары әрі сапалы көрсеткіш. Бұған да сол кездегі

жұмысқа шебер жетекшілік жасау арқылы қол жеткізілді.

Серік Мұстафаев өзінің 2016 жылғы «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында мынадай мәліметтер келтіреді. «Салық – бұл жаза емес. Мал-мүлкі үшін, шабындық және жайылым жері үшін, керуен артып жасаған саудасы үшін салық пен баж төлеу бұрыннан бар заң. Камералдық бақылау, салық төлеушінің ерікті түрде, кем көрсеткен табыс көлемі үшін салығын төлеуге мүмкіндік береді. Алдымен бақылау барысында көрінген кем түсім салық төлеушіге хабарланады, орындалмаған жағдайда ғана тексеру тағайындалады. Мысалы: 275 кешенді және тақырыптық тексерулер бойынша 15,7 млрд теңге салықтар мен төлемдер қосымша есептелінді (республикалық бюджетке – 7 687,8 млн теңге, жергілікті бюджетке – 8 022,8 млн теңге). 2015 жылдың маусым айында басталған хронометражды зерттеу науқанына жыл соңына дейін біздің облыста 85 нысан тартылды. Нәтижесінде салық төлеушілердің бір күндік табысы 9,2 есеге дейін, жекелеген салық төлеушілер бойынша 3 еседен 30 есеге дейін өсіп, жұмысшылар саны 116 адамға көбейді. Өткен жылдың I шілдесінен бастап алкоголь өнімдерін, бензин сатушылар үшін деректерді беру функциясы бар бақылау-касса машиналарын орнату талабы қойылған болатын. Қазақстан Үкіметінің 30.12.2015 жылғы №1179 қаулысымен осындай бақылау-касса машиналарын пайдалануға міндетті қызмет түрлері кеңейіп, бекітілді. Электронды шот-фактураларды ендіру де – осы сияқты, қаражат айналымын бақылауға алуға бағытталған шаралар екені анық, яғни, экономиканың көлеңкеге кетуіне қойылған тосқауылдардың бірі. Жалпы, Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің 2015 жылдың қорытынды көрсеткіштері бойынша, мемлекеттік бюджетке 76,4 млрд теңге түсіріліп, болжамды жоспар 106,6%-ке орындалған. Оның ішінде жергілікті бюджетке түсім көлемі 38,7 млрд теңге, тапсырманың орындалуы 103,9 процентті құрап, 1,4 млрд теңгенің артық түсімі қамтамасыз етілді. Облыстық бюджеттің жылдық жоспары 124,6%-ке немесе 1,3 млрд теңгеге артығымен орындалды, нақты түсім көлемі 6,8 млрд теңгеге тең болды.

Сонымен қатар, салық және кеден жүйесін біріктіру арқылы салық салу мақсатында тауарды Қазақстан аумағына кірген кезеңнен бастап оны сатқанға дейін қатаң бақылауға алу жүйесі құрылған болатын. Облыста бұл жұмыс та тиімді ұйымдастырылды. Импорт кезінде тауарлар мен көлік құралдарына ілесіп жүк құжаттарын рәсімдеу арқылы бақылау қою, біртіндеп бұл құжаттарды электронды форматқа көшіру, салық және кеден саласындағы тексеру амалдарын



біріктіріп, құжаттар нысанын азайту, сонымен бірге жалпыға бірдей табысы мен шығынын декларациялауды ендіру де осы мақсаттағы шараның бірі болып табылады. Атап айтсақ, бұл шара 2017 жылдан басталып, екі кезенді қамтитын науқаннан соң азаматтардың қай елде, қай банкте болмасын, табысының мөлшерін анықтауды бастады. Басқа елдердегі мүлкі мен сырттағы шоттарда жатқан қаржыларын жария ету акциясы ұзартылды.

Осындай көңіл қуантар көрсеткіштер ол кісінің мемлекеттік кірістер департаментіне басты болған жылдары жыл сайын қайталанып тұрды. Жоғарыда аталған мақаласында: «Бүгінде бюджеттің кіріс базасын ұлғайтудың тиімді тетігінің бірі ретінде қаралып отырған жалпы саудан түсетін салықты енгізудің артықшылығы, оның қарапайымдылығында. Саудан түсетін салық, бизнестің тек шығыны мен пайдасын есептейді, оның соңғы тұтынушымен байланысы жоқ. Біріншіден, мемлекеттік кірістер органдары да тек салық салынатын және салықтан босатылған жеткізілімдерді анықтау үшін мұқият тексеру жүргізетін болады. Екіншіден, әлеуметтік әділеттілік орын алады. Демек, тауарды көбірек сатқан тұлға салықты көбірек төлейді. Міне, мемлекеттің кіріс және шығын жүйесін қайта қарауды тапсырғандағы Президенттің қойған мақсаты да – осы салық саласының ашықтығын қамтамасыз ету», – деп атап өтеді. Бұл – нағыз салық саясатының білікті өкілінің пікірі. Осындай ұстанымдары арқылы бұқара арасында салық мәдениетінің көтерілуіне зор үлес қосты.

Елімізде көлеңкелі экономикаға қарсы тұрудың бір тетігі ретінде жалпыға бірдей декларациялау жүйесі енгізілді. Оған дайындық осыдан бірнеше жыл бұрын басталған еді. Сол кездегі тиімді ұйымдастырушылықтың арқасында бұл жүйеге өзіндік жолымен өтудеміз, яғни алғашқы кезекте жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларациясы бекітілді. Жалпыға бірдей декларациялау жүйесіне кірген кезде онда жеке тұлғалар көрсетуі тиіс ақпараттар тізімі анықталды.

Бұл жүйені енгізудегі мақсат жеке тұлғалардың табыстары мен мүліктерін тиімді бақылауға қол жеткізу болатын. Сонымен қатар, азаматтардың табысы мен мүлкінің есебі ашық болуы салықтарды толық төлеуді қамтамасыз етеді және салықтық әкімшілендіруді барынша толық қамтуға мүмкіндік береді.

2018 жылдың жаналықтарының бірі – IV деңгейлі бюджеттің енгізілуі. IV деңгейлі бюджеттің

қалыптасуы – жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға бағытталған, ауыл, аудан халқының мүддесі үшін жасалған әлеуметтік маңызы бар шара. 2018 жылдан бастап Бюджет кодексінің 8-тарауы 52-1 бабымен толықтырылып, түсімдердің аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттері арасында бөлінуі белгіленді. Облыстағы 2000-нан астам тұрғыны бар 65 ауылдық округ бойынша бірінші жартыжылдыққа 484 млн теңге бюджет қалыптасты, яғни, болжамды түсімнің орындалуы 137,6% құрады. Бұл жерде облыстық мемлекеттік кіріс саласының қызметкерлері ықыласпен, біліктілікпен сауатты жұмыс жасады. Нәтижесін бүгінде ел көруде.

С.Мұстафаев өмірінің соңғы жылдарында Қаржы министрлігі мемлекеттік мүлік және жеке-шелеңдіру комитетінің Қызылорда мемлекеттік мүлік және жеке-шелеңдіру департаменті басшысы лауазымын атқарды. Адамның ниетіне жерде деген сөз бар. Ниет – жан жомарттығы. Ал тек қана күнкірістің күйбеңмен жүрген адамнан жан жомарттығын талап ете аламыз ба? Жан жомарттығын кісілігі мол, адамгершілігі жоғары, жеке мүддесін қоғам мүддесінен кейін қоя білетін адамнан іздегеніміз дұрыс болар. Ондай ар алдындағы, ел алдындағы жауапкершілігіне қатаң талаппен қарай білетін азамат үнемі жар мен ар жағасында жүреді. Жар жағасындағы адамның бір жағы құз, екінші жағы тегіс болуы ықтимал. Кішкентай қия болса, құзға кетесің. Ал ар жағасында жүруді әр нәрсенің парқын білу, қанағатшылдықтың мөлшерін білу, өзінің мүмкіндігін білу деп түсінеміз. Осы тұрғыда Секеңнің тұлғалық сұлбасы көз алдымызға келетіндей. Өмірмені ұзақтығымен емес, мазмұнымен өлшенеді десек, мақала кейіпкерінің мазмұнды өмір сүргенін байқаймыз. Мемлекетшіл азаматтың еңбегі де бағаланып, «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасына 25 жыл», «Қазақстан Республикасының конституциясына 20 жыл», т.б. марапаттарға ие болды. «Салық қызметінің үздігі» атанды. Қызылорда қаласының Құрметті азаматы атағы берілді.

Ағамыздың денесі жер қойнауында болғанымен, бейнесі көпшіліктің жүрегіне жерленген. Оның жақсы атын еске алатын адамдардың жиілігімен түсіндіруге болады.

Наурызбай БАЙҚАДАМОВ,
облыстық мәслихат хатшысы, тарих ғылымдарының кандидаты, «Құрмет» орденінің иегері

Аласармас асқар тау

Осынау қамшының сабындай қысқа ғұмырда, бұрынғылар жиі айтатын жалған дүниеде жалт етіп сонған жасын тағдырлар аз ба? Алды-артына қаратпас ажал сағаты соқса, бәріміз де дәріменсізбіз. «Өмір – өткініш», «Дүние – жалған» деген сөздердің ақиқат екенін тағы да бір дәлелдеп, іскер басшы Серік Жолдасбекұлы Мұстафаевтың дүниеден өткеніне де жыл толды.

«Азаматты кебенек ішінде таны» деген халық даналығы бар. Сәкенді алғаш көріп танысқанда-ақ, оның адалдығы, біліктілігі бірден байқалды. «Сыйласарлық тектінің кім танымас нұсқасын» деген даналық бекер айтылмаған ғой. Билік тізгінін ұстап абырой-беделге ие болған, елін сүйген, елі сүйген тұлғаның тағы да бір атап өтетін қасиеті – оның адамға, маманға, өз әріптестеріне деген жылы қабағы, шынайы қамқорлығы, жақсылық жасауға деген риясыз құлшынысы.

Ғұмырының басым бөлігін өңіріміздің қаржы-салық саласына арнаған іскер, білімді маман С.Мұстафаев 1960 жылы дүниеге келген. 1981 жылы Қазақ ауылшаруашылық институтын «Экономика және ауыл шаруашылығын ұйымдастыру», 2002 жылы Қазақ гуманитарлық заң университетін «Зангер» мамандықтары бойынша бітірген. Еңбек жолын Қызылорда қалалық қаржы бөлімінде аға экономист болып бастап, 1982 жылы Киров селосында экономист қызметін атқарған. 1986 жылы облыстық комсомол комитетінде қаржы-шаруашылық бөлімінің меңгерушісі, 1989 жылдан бастап Сырдария аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, 1991 жылы облыстық партия комитетінде консультант, сол жылдың қыркүйек айынан облыстық экономика комитетінде бөлім бастығының орынбасары қызметтерін атқарған.

1991 жылдың желтоқсан айынан Мемлекеттік салық инспекциясында аға инспектор болып салық жүйесіндегі қызметін бастаған. Кейін бөлім бастығы, сектор меңгерушісі, қалалық салық комитетінің төрағасы, облыстық салық комитеті төрағасының орынбасары, облыстық салық департаментінің басшысы, қалалық салық басқармасының басшысы, облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы, облыстық мемлекеттік мүлік және жеке-шелеңдіру департаментінің басшысы лауазымдарында қызмет атқарған. Сәкен, 60 жыл ғұмырының 30 жылы жуығын салық саласына арнады. Еңбегі бағаланып, «Салық қызметінің үздігі» және «Қаржы қызметінің үздігі» төсбелгісімен, Бауыржан Момышұлы атындағы «Батыр шапағаты», тағы басқа мерекелік медальдармен марапатталды. Сыр өңірінің өркендеуіне қосқан үлесі үшін Қызылорда қаласының Құрметті азаматы атағы берілген.

– Қармақшы аудандық Мемлекеттік кірістер басқармасында басты болып тұрған кезімде, 2017 жылы Сәкенді сол аудандағы Дүр Оңғар ауылына облыс әкімінің тапсырмасымен кәсіпкерлікті дамыту, ауылға көмектесу мақсатында өкіл етіп жіберді. Ауылға келген бойда әр үйдің тыныс-тіршілігін танысып, нақты жағдайын көріп шықты. Сол жылы ауылдың он бес тұрғынына жеңілдетілген несие алып беріп, үлкен көмек көрсетті. Дүрөңғарлықтар әлі де кездескен жерде Сәкенді еске алып, ризашылық білдіреді.

Серік мінезге бай, ашуын артта, ақылын алда ұстайтын, кез келген мәселені сабырмен шешетін, еш уақытта дауыс көтеріп сөйлемейтін, сыйласқанмен сыйласа білетін, жаны жайсаң жан еді, – деп еске алады әріптесі Қалдыбек Сүлейменов.

Абзал азаматтың болмысын, күнделікті жұмыс барысындағы кей сәттерді басқа да әріптестері ұмытпақ емес. «Салықтың жұмысы цифрдан құралады емес пе? Сәкеннің зейініне, есте сақтау қабілетіне тәнті болатынбыз. Бір цифрды жиналыста жанылыс айтсаң, «кеше берген ақпараттың басқаша, өзінің істеп отырған жұмысында білмесең, қалай салықшы болып жүрсің?» дейтін. Кінә өзімізден болса да, ұрысқанына ренжіп жүретінбіз. Соны сезе ме, өзінің ұрысқан себебін қайта-қайта айтып, соның әзілге айналдырып, ренжігенді ұмыттырып жіберетін. «Түнде жатарда бас жағымда блокнотым тұрады, соған бар ойымды, идеяларымды, тапсырмаларымды жазып қоямын» дейтін. Шынымен жиналыс үстінде сол блокнотты парақтап отыратын. Біз «осы блокнот жоғалып қалса екен» деп ойлайтын едік» деген жыр-жылы естеліктер ардақты азаматтың бейнесі ұмытылмайтынының бір дәлелі болса керек.

Бойына жинап қасиеті мен қабілеті арқылы қызмет еткен ортасына сыйлы болған Серік Мұстафаевтың туған өлкесінің дамуына қосқан үлесі мәңгілік есте қалады. «Тау алыстаған сайын биіктейді» деген дана халқымыз, күн өткен сайын Сәкеннің тау тұлғасы әріптестері арасында биіктей бермек.

Ғалымжан ОРЫНОВ,
облыс бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы

Қайран, дос!

Бәрі есімде және көз алдымда. Серікпен алғаш облыстық комсомол комитетінің аппаратында қызмет бабында таныстым. 1986 жылдың сәуір айында Теренөзек ауданынан обком комсомолға ауысып келгенімде, арттына екі айдан кейін Серік Жолдасбекұлы Сырдария ауданынан қызметке келді. Бізге дейін ұжымда жүрген Қазтай Әбдіреев үшеуміздің осы күннен достығымыз басталды.

Жастар ұжымындағы әріптестерім бізді сыртымыздан «өне, үш завоткед – үш мушкетер» келе жатыр деп айтатын. Облыстық жастар тәрбиесіне байланысты үлкен іс-шараларды атқардық. Отбасымызбен араласатын ажырамас достарға айналды, ағайындай болып кеттік. Балаларымыз да көз алдымызда да бірге өсіп, қызықшылықтарын бірге өткіздік. Кейіннен Сәкеннің шақыруымен 1997 жылдан бастап мемлекеттік қызметте, салық саласында өзінің қарамағында жұмыс істедік. Осы кезде білімділігін, кәсіби сауаттылығын, үлкен ұйымдастырушылық қабілетін көрсете білді.

Сәкең туралы бәрін айтып тауысу мүмкін емес, нағыз сегіз қырлы

бір сырлы сері жігіттің өзі болатын. Достар арасында да белелі, орны бөлек еді. Жолдастарының барлық қызықшылығына, қиыншылығына белсене араласып, қолынан келген көмегін аямайтын. Өзі жан-жақты, тарих, шежіре болсын, әр саладан хабары бар. Өнерді сүйетін, өзі де құралқан емес. Бірнеше музыкалық аспапта ойнайтын. Отырыстарымызды ән кеші етіп ұйымдастыратын. Әсіресе Аманжол ағамыз бен Гүлсім жемгеміздің, Нағиға жемгеміздің, Қожахмет пен марқұм Сапардың орындауындағы өлеңдерді тыңдауды жақсы көретін. Өзі де қолға домбыраны алып, қазақтың күйлерін нақышына келтіріп, керемет орындайтын.

Тағы бір айтатын дегенім,

Сәкең көпбалалы отбасынан шыққан. Қазіргі Махамбет ауылында (бұрынғы Киров совхозы) туып-өскен, орта мектепті «Алтын медальға» бітірген. Кейін Алматыда Қазақ ауылшаруашылық институтын үздік бітіріп, еңбек жолын туған ауылында бастаған. Ата-анасына, бауырларына деген қамқорлығы, туған жеріне деген жанапшылығы бәрімізге үлгі болатындай еді.

Жұбайы Гүлнәр екеуі үш қызды – Айнұр, Әсел, Жанарды құтты жеріне қондырып, немере сүйді. Әсел мен Жанар менің қыздарым Әйгерім, Айнұрмен бірге қаладағы «1 Май» орта мектебінде оқып, үздік бітірді. Әсіресе, Әсел Мұстафаева әкесі сияқты «Алтын белгіге» бітіріп, Қазақ-Британ техникалық университетіне түсті. Кейін Ұлыбританияда оқуын жалғастырды. Сәкең отбасына, балаларына ерекше көңіл бөлетін. 2000-жылдардың басында Сәкен, Гүлнәр, жұбайым Гүлфара төртеуміз қыздарды алып, Алматыға демалысқа бардық. Балаларға қаланы көрсетіп,

Асылбек ӘБДІҚАЛЫҚОВ



Елі үшін ерен еңбек етіп, халықтың ыстық ықыласына бөленген азаматтар аз емес. Ұлағатты істерімен, қарапайымдылық, адамгершілік қасиеттерімен көптің құрметіне ие шоктығы биік жандардың есімі ешқашан көңілден кетіп, жүректен өшпейді. Бар саналы ғұмырын адам жанының арашасы болуға арнаған, Сыр еліне сыйлы да қадірлі бола білген білікті ерлі-зайыпты дәрігерлер Шәріпбай Әлнараров пен Шолпан Көпірбаеваның өмірі көпке өнеге.

Медициналық училищеде оқыған Шәріпбай Әлнараров Алматы медициналық институтында білімін кәсіби тұрғыда жетілдірді. Арман қалада қалмай, туған жерге келіп ту тікті. Еңбек жолын Жаңақорған ауданында хирург болып бастап, бөлім меңгерушісі, аудандық аурухананың бас дәрігері дәрежесіне дейін көтерілді. Одан кейінгі жылдары Қызылорда қалалық ауруханасында хирург болды, жедел жәрдем бөлімін басқарды.

Ал 1964 жылдан бастап медицинаның ерте заманнан белгілі саласы – урологияға жол салды. Мәскеуде Кеңес Одағының бас урологы, академик А.Н.Лопаткиннің клиникасында кәсіби шеберлігін шыңдады. Күрделі оталар жасауға қатысып, жаңа емдеу тәсілдерін меңгерді. Он жылдай облыстық аурухана бөліміне жетекшілік етті. «Шакең алтын қолды хирург-уролог дәрігер ретінде республикаға танылды. Облыстың бас урологы қызметін атқарған 1970-1995 жылдары 5 мыңнан астам операция жасап, талай науқасты ажалдан құтқарып қалды. 1960-1970 жылдары Қазақстан бойынша жан-жақтан емделушілер ағылып келіп, ем алып, құлантаза айығып қайтатын», – деп еске алады жоғары санатты дәрігер Сағындық Шәмшиев. Ғабратты ғұмыр иесінің ұзақ жылдық еңбегі елеусіз қалған емес. «Кеңес үкіметі денсаулық сақтау саласының үздігі», «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» атақтары мен өзге де көптеген марапат иеленді.

Жаны жайсақ ақ жүректі абзал жан жұбайы екеуі бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүрді. Ұлдарын – ұяға, қыздарын қияға қондырған үлгі отбасы бола білді. Шолпан Момынжанқызы ана мен бала денсаулығын қорғау жолында 40 жыл еңбек етіп, мыңдаған сәбиге әлемнің жарығын, босанатын әйелдерге өмір сыйлады. Ол өзінің еңбек жолында Қызылорда қалалық перзентханасында акушер-гинеколог, бас дәрігердің орынбасары, әйелдер консультациясының меңгерушісі болды. Қалалық ауруханада зейнетке шыққанға дейін, жиырма жыл бойы жоғары санатты акушер-гинеколог ретінде қызмет атқарды.

3 шілде, яғни бүгін сағат 11-де қалалық аурухананың бас ғимаратында Шәріпбай Әлнараровтың құрметіне арналған ескерткіш тақта ашылды. Сонымен қатар «Дара дәрігер» және «Дана дәрігер» атты кітаптардың тұсаукесер рәсімі ұйымдастырылады. Ертен сағат 10-да облыс орталығындағы көшелердің біріне білімді маман, білікті басшы есімі берілмек. Осы күні сағат 12-де Шәріпбай Әлнараровтың өмірден озғанына – 22, Шолпан Момынжанқызының дүниеден өткеніне бір жыл толуына орай ас беріледі.



Сыр медицинасының шежіресін шолып отырғанымда, Әлнараровтар отбасы деген дерекке көзім кілдірді. Дәрігерлер әулетінің жалпы еңбек өтілі – 180 жыл, үш ұрпақтың дөңгелек жасы!

ЖҮРЕГІНІҢ ЖЫЛУЫМЕН ЕМДЕГЕН

Есіме 1980 жылдың қарбалас күндері түсті. Әкеміз Жұмаш (азан шақырып қойған аты Ербатыр Қопабаев), сырқаттанатып қалды. Сырқаттанып қалды деген жай сөз, шынында бойына жабысқан дерттің бетеі қатты, жанын бебеу қақтырды.

Ұзақ жыл ауылда кіші медицина кызметкері, яғни, фельдшер болып, жерлестерімізге қалтқысыз қызмет етіп, анау-мынау ауруды өзі-ақ жазып жіберетін әкеміз, әсіресе, малыштардың, қырдың қой-науында төрт түліктің қамын жеген майталмандардың қоныстарын аралап, айлап-күндеп қонаға жататын. Дәрі-дәрмекке лықа толы қара қобдишасынан бір елі ажырамайтын жарықтық! Жол-жөнекей киліккен жел-құзға дес бермейтін әкеміздің төсек тартып жатып қалғаны қабырғамызға бағты. Өмірі ауруды білмейтін, ауырмайтынды көрінетін отағасының асты-үстіне түсіп аманым Кенжегүл жүр.

Үкідей үрпін біз тұрмыз. Тіктеп келіп, батпаңдап кірген дерттің мысқалдап та шықпайтынына көзіміз жеткен соң, дереу Қызылордадағы қалалық ауруханаға жеткіздік. Дұрысы сол болар...

Шипа қолды дәрігерлер бірер күн зерттеп, ем қолданғаннан кейін ота жасау керек деп шешті. Үлкен тамырда кәдімгі айта беретін «тас» бар, дәрімен ерітіп жіберудің жөні жоқ. 1938 жылы азаматтық борышын өтеуге аттанып, мерзімін аяқтап, қайтуға жиналған тұста соғыс басталып кетіп, бес жыл қан қасап кешіп, жараланып, тек 1946 жылы елге оралған әкеміздің жанкешті төзім-шыдамына сенеміз-ау, бірақ пайғамбар жасындағы азғасы қандауырдың жүзіне шыдас бере ала ма?! Ауруханаға тілеккер көңілмен

келген аманым Кенжегүл, апаларым Ғалия (марқұм), Нұрия және мен қатты абыржып отырмыз. Коридорда әрлі-берлі өткен ақ желеңді жандардың жүзіне үмітпен қараймыз.

Бір кезде ота жасау бөлмесінен шыққан ашаң жүзді, сұңғақ бойлы дәрігер бізге қарай беттеді. Сәлемдесіп болған соң:

– Аты-жөнім – Шәріпбай Әлнараров, осы ауруханадағы урология бөлімінің меңгерушісімін. Отаны өзім жасаймын. Еш уайымдаманыңдар, – деп жымиды. Жанары мейірімге толы дәрігердің асқан сабырлығы шырқобелек айналған шыбын жанымызды тыныштандырды. Алладан тілек тіледік.

Мұндай абыржу сәтте әрбір минут сағаттай созылады екен. Уақыт өтпей қалды. «Аңшының кешіккеніне қуан» деп, өзі-өзімізді жұбатып отырмыз. Бір кезде ота жасау бөлмесінен дәрігер де шықты-ау ақыры! Ақ қалпағын қолына қысып ұстап алған. Өлгенде сүлгімен сүртінсе де, маңдайынан жәсіп тер білінді. Көңіл күйі көтеріңкі тәрізді.

– Ота ойдағыдай өтті. Шалыңыз шымыр екен, – деді анама қарап. – Таудан қайтаған жүрегі тастан қайта ма, қарт жауынгер тағы бір ерлік көрсетті.

Анамның көзінен еріксіз жас парлап кетті. Айналып-толғанды. Біз де жапатармағай алғысымызды жаудырдық. Бұрын да Шәріпбай ағаның алтын қолды шипагер екенін сырттай білетін едік, «сабақты ине сәтіммен» болғанына шыныммен қуандық. Әкеміз сол отадан кейін ширек ғасыр бақуатты өмір сүріп, 2005 жылы 88 жасында пәниден озды. Өле-өлгенше Шәріпбай ағаның есімін аузынан тастамай, дұғасына қосып отырды.

Тағы да Сыр медицинасының тарихына көз жүгіртсек, Шәріпбай Әлнараровтың мінсіз қызметінің куәсі боларсыз, ғұмырында бес мыңнан астам ота жасап, айтып келмес ажалға араша түскен. Алдымен биыл 90 жылдығын атап өтетін Қызылорда медициналық жоғары колледжін, сосын Алматы медициналық институтын бітірген ағамыз сол кездегі сирек мамандық – урология саласын мұқият меңгерген. Бұл Сыр бойы үшін аса қажет еді. Табиғаты томырлық, жылдың қай мезгілінде болсын құм дауылы үлеп соғатын, суының тосабы мол өңірде, әсіресе, ауыл еңбеккерлері урологиялық аурулардан аса зардап шегетін. Бүйрекке құмалдақтай-құмалдақтай тас байланатын, несеп жолдары тұтып қалатын немесе үлкен тамырдың

бойы бітелетін. Екінің бірі сау емес. Мұны шешу үшін урология бөлімін ашу қажеттілігі туындаған. Осыны ескерген Шәріпбай Әлнараров аймақта алғаш рет қалалық аурухананың базасында урология бөлімін ашуды ұйымдастырып, білікті мамандар құрамын жасақтады. КСРО-ның бас урологы, академик Н.А.Лопаткиннен алған тәжірибесін шәкірттерінің бойына сіңіріп, олардың жоғары дәрежелі дәрігер болып жетілуіне жағдай жасады. Урология бөлімін 1970 жылдан 1995 жылға дейін басқарған Шәріпбай аға – Қазақстанға еңбегі сіңген дәрігер, бірнеше мемлекеттік награданың иесі. Шынын айтуымыз керек, сол тұста Сыр өңірінде есімі республика жұртшылығына белгілі дәрігерлер көптеп шықты. Балалар дәрігері, академик Камал Ормантаевты айтапағанда, Ернұс Омаров, Шәріпбай Әлнараров, Варлен Исаев, Тұрғанбай Маханов, тағы басқа шипагерлер өз істерінің маманы болып қана қоймай, атажұрттың денсаулық саласын нығайтуға зор еңбек сіңірді. Олардың қайраткерлігі, кішіпейіл, мейірімді, салауатты қасиеттері әлі күнге дейін ел аузында жыр болып жүр.

Біз сөзіміздің басында Әлнараровтар әулетінің медициналық еңбек өтілі 180 жыл екенін айтқан болатынбыз. Отағасыдан бөлек, жан жары Шолпан урология саласында 35 жыл қызмет істеп, аяулы жандардың алғысына бөленді. Әр дәрігердің өзіндік емдеу әдісі болады десек, Шолпан апай ең ауелі науқастың психологиялық көңіл күйіне мән беретін. Әйелдер, әдетте, нәзік, ұяңдау келеді. Ауруын ашып айтуға да қысылалы. Мұны жақсы білетін Шолпан апай әр емделушімен сырласындай сөйлесіп, рухани жан дүниесін айқара ашуға тырысатын. Еркіндеу, епекті әйел емделуге де бейім. Жарықтық өткен жылы дүниеден озды. Жаны жаннатта болсын.

Әулеттегі бес перзенттің үшеуі ата-ананың қасиетті жолын қулы. Ақтоғы Шәріпбайқызы – облыстық жүйке аурулары және наркология орталығы директорының орынбасары, тәжірибесі мол дәрігер. Мұнда өмірден теперіш көрген және әртүрлі себептермен санасына салмақ түскен кемкөңіл жандар емделеді. Олар кәдімгі науқастарға мүлдем ұқсамайды. Дәрі-дәрмектен гөрі емдеушінің жан-жүрегінің жылуын аңсап тұрады. Сондықтан Ақтоғы өмірлік тәлімі мен емдеу практикасының соңғы жетістіктеріне сүйеніп, әрбірмен жеке сөйлесіп,

жатынбай, туысканы сияқты жақын тартып, ем жасайды. Қанатынан қайырылып келген талай жандар қауырсынын қайтаып, Ақтоғының дауасының арқасында құлан-таза сауығып шықты. Мыңның алғысын арқаалаған ол әке мен ана жолын тадағанның мақтаныш тұтады. Ал Шолпан Шәріпбайқызы – облыстық балалар ауруханасында зертхана меңгерушісі. Мұнда 18 түрлі гематологиялық, 75 түрлі биохимиялық зерттеулер жүргізіліп, бала ауруының диагнозы дәл анықталады. Бұл өте маңызды. Себебі, бүлдірішіп, үлкендер сияқты, қай жерінің қалай ауыратынын, әр мезгілде не мазалайтынын тәптіштеп түсіндіріп айта алмайды. Оны тек зертхана қызметімен ғана жүзеге асыра аласыз. Шолпанның тынымсыз ізденісі мен біліктілігінің арқасында қаншама саби тап бойынғы кінәратынан аршылып шықты десеніңізші. Жақында облыстық мәслихаттың шешімімен Қызылорда қаласының бір көшесіне Шәріпбай Әлнараровтың есімі берілгенде, ата-ана көсібіне адал қыздары шын төккіп, тұлғаны қадірлеген ел-жұртқа ризашылығын білдірді.

Мен Ақмарал Шәріпбайқызының қызметімен, өмір баспалдақтары мен етене танысып, қарындасымдай құрмет тұтамын. Медицина ғылымының докторы, әр жылдарда медициналық жоғары колледжнің директоры, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы, Қызылорда облыстық мәслихат хатшысы, облыс әкімінің орынбасары қызметтерін абайроймен атқарған Ақмарал аймақтағы туымды тұлғалардың бірі болып қалыптасты. Болашақ мамандар даярлау ісінде, облыс медицинасын заманауи үлгіге көшіру үдерісінде үлкен еңбек сіңірді. Халық қалаулысы ретінде мұқтаж, көпбалалы отбасылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, нәзікжандыларды жауапты жұмыстарға көптеп тартуға ықпал жасады, аманатқа адал болды. Бүгінде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты ретінде халық игілігіне қызмет ететін жандардың сапалы түзілуіне, жүйелі жұмыс істеуіне барынша атсалысып жүр. Өзі туып-өскен, қияға қанат қақтырған Сыр өңірінің зәру мәселелерін назардан тыс қалдырмай, оң шешілуіне тілектес болып жүрген қарындасымызға, сірә, өкениң ақ жолы ғана емес, абайройы да бұйырған болуы керек.

Абзал ЕРАЛНІЕВ,
Қазақстанның Еңбек Ері

ҰСТАЗДЫҚ – ҰЛЫ ЖОЛ

Өмірге келген әрбір саналы жан жақсылыққа ұмтылады, жақсы істерді өміріне арқау етеді, жас ұрпақтың келешегіне алаңдап, елі мен жерінің түлділерін тудырып, мол мұралар қалдырып, ізгіліктің жолын өзіне негізгі бағыт етіп алады. Осы жолда ол ерінбейді, жалықпайды, өз бақытын аямай, өзгенің бақытын аялау үшін күреседі, алдына батыл мақсаттар қойып, сол мақсатқа жетуге табанды түрде нық қаламдар жасайды. Бар өмірін, уақытын, білімін, тәжірибесін сол жолға, сол талапқа жұмсап, өмір асуларынан асады, белестерін бағындырады, биік таулардың төбесіне шығады.

Өзгеше жаратылып, елі сүйген, елін сүйген мұндай кісілер өмірден өтсе де, олардың есімдері, асыл бейнелері халықтың ерекше құрметі мен сүйіспеншілігіне бөленіп, түнгі аспанды жарық қылған жұлдыздардай үнемі жарқырап, шуағын шашып тұра бермек.

талмай еңбек ететін. Ағамызбен кездесіп, емин-еркін отырып өңгімелескенде құнды ақыл-кестерің, талғамды пікірлерің, озық ойларың ортаға салатын.

Құлбарам апайдың ғылым жолына түсуіне Әли ағайдың ықпалы зор болды. Оған үнемі қолдау білдіріп, ғылым жолында жақсы нәтижелерге жетуіне жол сілтеп отыратын.

Құлбарам апай жоғары оқу орнына келген уақыттан өз жауапкершілігін аса жоғары сезініп, ғылымға шындап бетбұрды. Тынымсыз еңбекті, ізденісті өзінің күнделікті дағдысына, сүйікті кәсібіне айналдырды. Шәкірттеріне терең білім беріп, университеттің қоғамдық жұмыстарына белсене араласты. Үнемі күлімдеп, көңілді жүретін көпшіл апамыз қай ортаны да өзіне баурап алатын қасиетке ие болатын.

Ғылымға қызығушылығы оянған ол аспирантураға түсіп, 2006 жылы кандидаттық диссертациясын табысты қорғап шықты. Химия пәнінің терең сырларына жан-жақты зерттеулер жүргізіп, пәнді оқытудың әдістемесіне ерекше көңіл бөлді. Пәнді оқытуда студенттерге, мұғалімдерге

арналған, көмекші оқу құралдары, оқулықтары мен құнды мақалалары жарық көрді.

Қазақстан Республикасының барлық қалаларын және алыс-жақын шетелдің жетекші ғылыми ұйымдары мен мекемелерінде біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, үнемі тәжірибе жинақтап отырды.

Қорқыт ата атындағы университеттің «Биология, география және химия» кафедрасы аясында құрылған «Қызылорда облысы химия пәні мұғалімдері мен оқытушыларының қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы болып сайланды.

Республикалық «Химия мектепте» ғылыми-әдістемелік журналы мен «Мұғалім және қоғам» газетінің ақылдастар алқасының мүшесі болды. Шетелдік жоғары импакт-факторлы және Қазақстанның ғылыми басылмаларында 110 мақаласы, халықаралық және республикалық конференциялардың 41 конференция материалдары мен тезистерінің, 2 Қазақстан Республикасы инновациялық, өнертабыс және пайдалы модельдерге патенті, ЖОО студенттері мен жалпы білім беретін оқушылар



Құлбарам апайдың өміріндегі және бір қыры, өзіндік ерекшелігі – ол табиғатынан, тумасынан ақынжанды болатын. Өмірді, табиғатты жүрегімен түсініп, оны терең де нәзік сезім иірімдерімен сезіне отырып жырлай білді, суреттей білді, ұғына білді. Оның сыршыл жүрегінен, қарымды қаламынан туып, қарша бораған жырлары оқырман көңілінен шығып, жүрек қылын қозғады. Апамыздың жырлары оқырмандарын қуанышқа шаттандырып, қайғыға жұбатып, күнделікті өмірде жақсылықтарға, жаңалықтарға жетелей білді.

Құлбарам Сәдуақасқызының елге, жерге, Отанға, ағайын-туысқа, бауырларына, досқа, жарға арналған өлеңдері жинақталып кітап болып, оқырманға жол тартты. Халықтың өзіне деген сағыныш сезімдерін, ықылас-құрметтерін тудырды.

Бір-бірін риясыз сүйіп, сыйластықты ту еткен білім-ғылым саласының білікті мамандары, озат педагогтары, парасат-пайымдары жоғары ардақты да абзал жандар Әли ағамыз бен Құлбарам апамыз саналы ғұмырларында жақсы ата-ана атанып, тамырын тереңге жайған мәуелі бәйтеректей ұлағатты жаңға құрып, білімге құштар, өнегелі де ұл-қыз тәрбиеледі, немерелер сүйді.

Әли ағамыз бен Құлбарам апамыз артында ұрпаққа азық болатын мол мұра, өшпес із қалдырды, ел-жұртының алғысына, сүйіспеншілігіне бөленді. Олар мыңдаған шәкірттерге тәлімді тәрбие мен сапалы білім беріп, өмірдің бір кірпіші болып қалануларына аянбай еңбек етті.

«Жақсыдан із қалар» дейді халық даналығы. Саналы ғұмырларын туған елінің білімі мен ғылымын, өркениеті мен мәдениетін дамытып, келешегін кемел етіп, ертенін қалыптастыруға ерен еңбек сіңірген осындай жандар ел есінде мәңгі ұмытылмайды деп ойлаймын.

Болатбек ӘБДІРӘСЛІОВ,
академик,
Қарағанды индустриялық университетінің ректоры

Қаратау бөктеріндегі айтыс

Ақындар арасында ерекше болмыс-бітімімен, әулие-әмбиелігімен аты аңызға айналған, қызу еңбектің қазанын қайнатып, сан өнердің отын маздатқан халық ақыны Манап Көкенов елдің қошемет-құрметі жоғалған емес. Мұны ақынның атындағы жүзде үшін достық кездесу айтысына алыс-жақыннан жеткен ақындардың шабытынан анық аңғардық.

Қазақтың елдігі мен ерлігін, кеменгерлігі мен көсемдігін, тереңдігі мен кеңдігін сөзге сыйғызған, бітпес даудың, бәтуасыз шудың кесімі сөз деп ұққан ақынның ізінен ер-ген айтыскер қауым Қаратау бөктеріне жиналды. Тамаша табиғат аясында табысқан ақындардың қуанышында шек жоқ. Көпшілікте аламан айтысты сағынып қалғаны сезіледі. Хан баласындай нық, би баласындай тік сөйлейтін айтыскер ақындардың мектебінен тәлім алып, сөз шеберлігін қалыптастырған жас буын өкілдері сахна төріне көтерілді. Бұрынғы айтыстан өзгешелігі, Арқа төсінен қос бірдей ақын қатысып, кең-байтақ дақ ұландарының арасында өз өңірінің абыройы үшін тартыса түсті. Керекшілік Бөкен Жігер мен Ербак Құрметжанның екпіннен тойтарыс беруге жаңақорғандық ақын Азамат Тәуекел мен Айбек Шекербек, түркістандық Нұрдаулет Өмірбеков пен Аман Рахат сөзден маржан тзді.

Корқыт еліне қобызбен келіп қарсыласына бірнеше соққы берді. «Алыстан ат терлетіп жеткенімде, айтысқа екі-ақ ақын келгені не?» деп қалжыңмен қағытып өтті. Сырдың сұлу табиғатын сөзбен өрнектеп, тарихи тұлғалар жайлы көп білетінін аңғартты. Манап ақынның таң атырып айтысқан сөзтерін қозғап, «Таң бозарған сәтке дейін сөз айтайық, Тамаша тарихи сәт қайталансын» деп жекілдеді. Ө дегеннен сөзі сүйектен өтіп, жүрекке жеткен керекшілік ақыннан соң жаңақорғандық Азамат Тәуекел «Қонағым тым зорығып қалмасын деп, жекпе-жекке қос ақын ала келдім» деп қарымтасын берді. Сонан соң, бойдақтығын алға тартып, «мен егер солтүстікке бара қалсам, тым жақсы баспана берер ме едің? Сол жақтан шалақазақ бір қыз алып, мәңгі бақытты болар едім» деп достық әзілді орындай айтты. Алғашқы жұптың арасындағы тартыс бауырластықпен бекіді деуге болады.

Солтүстікке көшу бағдарламасымен оңтүстіктен қоныс аударған ақын Ербак Құрметжан ыстық мекенге табан тіреп, өнерін көрсетіп отырғанын тебіреніспен жеткізді. Кең-байтақ еліміздің қай тұсы болмасын жатысбайтынын өлеңіне қосты. Жасыратыны жоқ, ақын көптің

алдына шыққанда сәл кібірткітеп, сөзден жаңылысулар жиі болды. Мұны ол көптен бері айтыс сахнасына шықпай жүргенімен де байланыстырды. Қарсыласы түркістандық Нұрдаулет Өмірбеков «Айтысты сонша күттіріп қойдыңыздар, сұлу қызбен жұп қылып қойғандайын» деп белгіленген уақыттан кеш басталғанын әзілге айналдырды. Түркістандық Рахат Аманның суырыпсапмалығына тәнті болған көпшіліктің қиуы көбейді. Табан астынан сөз саптап, төгілдіре жыр арнаған жас бала әп-сәтте болған жағдайларды сөзге ілді. Орындайық жайғаса бере қыздардан шай сұраған жаңақорғандық Айбек Шекербектің қылығы күлкіге айналдырды, елдің өзін жигызбады.

Павлодар облысы Успенка ауданының мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Медет Тауасқан екі шалғай облыстың арасында мәдени-рухани қарым-қатынас саяси-экономикалық бағытта байланыс құруға жол ашатынын сөз етті. Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасары Дархан Есәліұлы айтыстың жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын жеткізді. Халық ақыны Манап Көкеновтің әулетінен сөз алған Құттықожа Көкенов ақ батасын берді. Ал Убайдулла Манапұлы әкесінің атындағы жүзде жыл сайын өткізілетін, осы айтысқа демеуші болған азаматтарға риясыз тілегін жеткізді.

Мақпал МАРҚАБАЙ, журналист

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ Бетперде таққан сұңғақ бойлы әйелмен кездесің қолығытым. Жанынан өте бергенімде жемінімн ұстап, тоқтатты. Бетпердесінен өзінің жүзі де анық көрінбейді. Бірақ, жанары маған біртүрлі іш тартқандай күлімдейді. Кім екенін толық білмесем де, сәлем бердім. Бейтаныс әйел сәл уақыт үнсіз қалды.

Тырттық

Мөлтек сыр

Кенет: – Мәссаған! Кешегі мойны қылдырғандай «қылу» салмақ азаматқа айналды. Уақыт қандай жылдам еді! – дегені. «Қылу»... Таңғалдым. Бала кезімде таңғалған жанам атты естімегені қай заман? Бұлай аманым жан құрбысы Масаты апа ғана айтушы еді. Ол өмірден озды деп естідік. Бұл кім болды екен?

пейілі аппақ қардай кіршіксіз болатын. Көршілер бірімен-бірі туған бауырдай араласады. Масаты апа – жалғыздікті жан. Ес білерде апайдың үйінен ер адамның кіріп-шығып жүргенін көрген еместің. Жалғыз қызы Жібекті де інісінен асырап алған дегенді ұзынқұлақтан естідік. Оте балажан адам, кішкентайларды әсіресе, мені қатты жақсы көретін. Өзімің қатарларыма қарағанда тым әлжуаз, дене бітімім нәзік маған «қылу» деген айдар тағып, еркелететін.

Ойымды оқығандай, бейтаныс әйел бетпердесін ағытты. Оның он жақ қабағының үстіндегі ұзынша тырттық көргенде жүрегім дір ете қалды. Бұл менің соққымнан қалған із болатын... «Апатай, бұл сіз бе?» деп қушақтай алдым. Алдымда Масаты апаның жалғыз қызы Жібек тұр еді. Екеуіміз мөре-сөре болдық.

Мұны естігенде әжем марқұм: – Сен-ақ қайдағыны айтады екенсің. Менің құлыным өскенде таудай жігіт болады, – деп шырыпыр шығады. Ойнауға шықсам болды, Масаты кемпір шап беріп ұстап алады. «Кемпір» деймін-ау, қазір ойлап тұрсам, 40-қа толмаған келіңшек екен. Алдыммен тіке көтеріп, аспанға лақтырады. Көзім бақырайып, мойныман тас қылып қушақтап алам. Әбден күнге күйіп, шыт-шыт жарылан бетімді сілекейлеп сүйеді. Бірде төбемнен құшырлана іскеген апаның булығы егілгеніне таңғалған едім. Әжеме айтықандымда «ой, мұңлық-ай, жаны қалаға жолға шығып бара жатыр. Қошқасарда Жібек бетімнен сүйіп, көзіне жас алды. Егде тартқаны байқалады.

Екі үй көрші тұрдық. Ол тұстағы ауыл адамдарының

Масатының әуеслесі мұнымен бітпейді. Маған өзі үйрет-

кен өлеңді айтқызады. Мені қайбір әнші дейсіз?! Шырылдаған дауыспен:

– Ақ самаурын қайнап тұр, Кесе-шәйнек жайнап тұр. Тұқымы құрғыр Патима, Түйреуішпен ойнап тұр, – деп сұңқылдаймын. «Р» әрпіне тілім келмейді, «түй» деп қайырам. Қалайда Масатыдан құтылу ойлаймын. Ән салғаннан жанам болмаймын. Бірнеше түйір кампит, бір-жар пешенейді қолыма ұстатады. Бар бала менің соңымда. Кампит-пешеней біткенше менімен «дос» болады.

Бірде дене қызуым көтеріліп, қатты сырқаттандым. Масаты апа әжем-анам, әжеммен бірдей қиналды. Үйінен тәтті-дәмдісін тасып, бөйек болды. Маңдайымнан сипап, көзінің жасын төгіп алатын. Басымды көтеріп, ас-суга қарағанымдағы қуаңғанын көрсенді.

Үшінші класта оқып жүрмін. Көктемгі қаниқұлдың кезі. Айкөздің қызығым дүниені бәрін ұмытқанбыз. Сұраған екеуіміз әлденеге ерегісіп қалдық. Досым мені лас сөзбен сыбаған күйі, үйіне қарай аша жөнелді. Бойымды алапат ашу бұды. Жуандығы білектей жыңғылдың бұтағынан жасалған айқол таяқты Сұрағанның желкесін көздеп, қулаптай лақтырдым. Сонан кейінгі қорқынышты көрініс көпке дейін есімнен кетпей жүрді. Өкіі Сұраған бір жағына қарай жалт берді... Ал зілдей жыңғылдың кесіндісі аулаңың есігінен аттай берген Жібектің маңдайына сарт ете түсті...

Оның бетінен тамшылаған қанды көргенде, зорем зәр түбіне кетті. Құстай ұшып, үйге қашып тұғылдым. Жүрегім дүрс-дүрс соққанда жарылып кетердей. Масаты апа іздеп үйге келген жоқ. Көпке дейін көзіне шалынбауға тырыстым. Алайда бұл қылығымды бетіме басқан емес. Өкінішті, менің абайсызда жасаған әрекетімнен соң Жібектің жүзінде өшпестей тырттық қалды.

Кейін Масаты апаның үйі көшіп кетті. Қазалы ауданы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Бастау-С» ЖШС Табиғи монополияларды реттеу комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2021 жылғы 28 маусымдағы №56 НҚ бұйрығына сәйкес 2021 жылдың 1 тамызынан бастап жылжымалы құрамнан өту үшін кірме жоıldың өтемдік тарифі 1 вагон/км-ға ҚҚС-сыз 775,02 теңге мөлшерде бекітілгенін хабарлайды

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басшыларына хабарландыру орналастырыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Бердалиева Мира Қыстаубаевна (лицензия №0000316, 27.11.1998 ж.) 2021 жылдың 30 сәуірінде қайтыс болған азамат Утегенов Нурлан Карасаевичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Ф.Мұратбаев көшесі 3 В (ЦОН аялдамасы), тел.: 8 702 777 27 22.

Республиканың әр тарабында тұратын Жақап-Табын Смайыл ата әулетінің үйіне балалары Қызылорда қаласында өзінің қамқор мейірімділігімен танылған, иманды, сауапты іс-амалдарымен белгілі Құлқенов Жалғасхан бажамызға апасы

Қымбаттың қайтыс болуына байланысты отбасы мен ағайындарына, марқұм апайдың отағасы Аманжол ағамызға қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Eurasian Bank КРЕДИТ РЕСИМДЕП ЕЛОРДАДАН ПӘТЕР ҰТЫП АЛЫҢЫЗ! ОФОРМИТЕ КРЕДИТ ВЫИГРАЙТЕ КВАРТИРУ В СТОЛИЦЕ! Beeline +7 771 000 7722 Tele2 / Altel +7 700 000 7722 Kcell / Activ +7 702 000 7722 eubank.kz Ақция кезеңі: 2021 жылғы 15 наусыман бастап 15 қыркүйекке дейін Период акции: с 15 июня по 15 сентября 2021 года

«ЖЕНЫШЕНЬ – ӨМІР ҚУАТЫ» – ҒЫЛЫММЕН ДӘЛЕЛДЕНГЕН ТАБИҒАТ КЕРЕМЕТІ

Табиғат женьшеньді мінсіз қылып жаратқан. Қазіргі заманауи технолог-ғалымдардың негізгі мақсаты – женьшеньнің барлық пайдалы қасиеттерін сақтай отырып, дәрінің ең тиімді түрін жасап шығару. Сонымен қатар, құрамындағы барлық заттар бір-бірінің емдік қасиетін төмендетпей, бірлесіп, пайдалы қасиеттерін арттырады. Женьшеньнің жапырақтары мен тамырынан дайындалған мицеллярлы түрдегі тұнбаны қолданудың арқасында бұл фитонаноцефтикалық бальзам организмге жақсы еніп, белсенді мицеллярлық құрамы азқазан-ішек жолдарына тез сіңу қабілетіне ие. Жоғары белсенді компонент женьшень – өмір қуаты» фитонаноцефтикалық топтамасы тонусты көтеріп, ағзаның жұмысқа әсерлерге қарсы тұру қабілетін арттырып, қабыну процесстерін жояды. Сондай-ақ, бактерияға және вирусқа қарсы әрекет етіп, қан қысымын реттеп, қанның құрамын қайта қалпына келтіріп, өкпе мен бронхтарды, қанды тазартып, ішкі секреция бездерін, зат алмасуды жақсартып, тас түзілуіне кедергі келтіреді.

Қолдану әдісі: күніне 3 рет тамақтанудан 30 минут бұрын 1 шай қасық бальзамды аузыңызда 30-40 секунд ұстап тұрып, содан кейін жұтасыз.

БАЛЬЗАМДЫ ПАЙДАЛАУҒА ҰСЫНЫЛЫМ:

- Жүрек-қан тамыры жүйесі жұмысының бұзылуы (жүрек өлсеуді, жүректің ревматикалық ауру, атеросклероз, вегетотамырлы дистония, тахикардия және т.б.);
- Жүйке жүйесі ауруларында;
- Гипертония мен гипотония кезінде қан қысымын реттеу;
- Ревматизм, артрит, артроз, буын аурулары, остеохондроз, подагра кезінде;
- Иммунитетті көтеру және ағзаның жалпы жағдайын жақсарту;
- Түрлі инфекциялық, бактериялық және вирустық ауруларда;
- Тыныс алу жолдарының инфекциялық және қабынуында;
- Ас қорыту жүйесі ауруларында (ас қорытудың бұзылуы, гастрит, он екі елі ішек және асқазан жарасы);
- Бауыр ауруларында;
- Бүйрек және несеп шығару жолдарының ауруларында;
- Өт жолдарының дискинезиясы, өтте тас жиналу кезінде;
- Простатит, простата аденомасы кезінде;
- Терінің инфекциялық-аллергиялық ауруларында;
- Қант диабетінде;
- Қан тамырының ауытқуларынан болған көз ауруларында;
- Ісік кезіндегі өзгерістерде.

БІЗДІҢ КЛИЕНТТЕРІМІЗ БІЗ ТУРАЛЫ: **Ахметбекова Ж., Жамбыл обл., Қордай ауылы, 63 жас** Мен «Женьшень – өмір қуаты» бальзамын 2 жылдай тынбай ішітім. Жүрегім ауырып, буын-ауырым мазалап, белім қайысып ауырып, аяқтарым-белім ұзақ жүргізейтін. Осы ауыр кезеңде бронхитпен де ауырып үлгердім. «Женьшень» 1 курсы шешкеннен кейін жақсы нәтижесін көрдім. Жүрек ауырым басылып, қан қысымым орнына келді. Буындарымның мазалауы қойды. Жүріп-тұруым жеңіл бола бастады. Дәрі-дәрмек қабылдау дегенді ұмыттым. Тек қана «Женьшень» бальзамын ішемін. Бронхитпен ауырағанда «Женьшень» жөтелімді басып, бронхиттен тез арада тазартты. Қазір Ковид кезінде иммунитет көтеруге, өз-өзімді қорғау тәсілі ретінде осы табиғи, сапалы өнімді күнделікті қабылдаймын. Қазір ағзам тазаланып, өзімді өте жақсы, сергек сезінемін.

Құдиярбеков Мақсұт, 75 жас, Қостанай қаласы Мен көп уақыттан бері осы «Женьшень» бальзамын ішіп келе жатырмын. Ауыраған жерлерімнің бәрине көмектесті. Қан қысымым жоғарылап, аяқ-қолым сырқырап, бүйрек, қуық жолдары мазалайтын. «Женьшень» бальзамының 2-3 курсынан кейін денсаулығым жақсарып, өзімді жақсы сезіндім. Қазіргі уақытта «Женьшень» бальзамы профилактика ретінде қолданым жүрмін. Ешқандай дәрі-дәрмек қабылдап жүргенім жоқ.

Талқанбаева Тұрсынқұл, 77 жас, Қызылорда қаласы Жасым үлкейгеннен кейін қарттыққа байланысты көзім дұрыс көрмейді. Бетімде шамалы кілегей тұрады. Сонымен қатар асқазанымың ас қорытуы да нашарланып бара жатыр. Соған көмек болсын деп «Женьшень» бальзамын 1 жыл болды ішіп жүргенім. Бальзамды ішкеннен кейін ас қорытуым жақсарып, көзімнің көру қабілеті жақсарды. Қазір бәрін айқын көріп, өзімді сергек сезінудемін. Үлкен қарт кісілерге осы бальзамды ішуге кеңес беремін. Өйткені бальзамның емдік қасиеттері көп екен.

Шауенова Зина, 1963 жас, Алматы қаласы Мен осы бальзамды ұзақ уақыт бойы ішіп жатырмын. Қан қысымым жоғары болып мазалайтын. Ми қан тамырлары дұрыс жұмыс істемей үнемі жатып қалатыным. Ештеңеге зауық болмайтын. Қатты ашуланбай, қатты қуануға да қорқып өзімді күтумен болдым. Оның барлығы маған кері әсер беретін. Осы бальзамды ішкеннен кейін мен толығынан айықтым. Бұрынғыдай көп дәрі ішкенді қойдым. Ештеңеге қазір алаңдамаймын. Былтырдан бері өкпе тұсым шанышып ентікпе пайда болды. «Женьшень» бальзамын ішкелі кеудемнің ауырғаны қойып ентікпем де кетті. Жалпы қазір өзімді жақсы сезінудемін. Бальзамды әрі қарай да ішуді жалғастырамын.

«ЭЛИКСИР ЖИЗНИ» АҒЗАҢЫЗДЫ ЖАСАРТЫП, ӨМІРІҢІЗДІ ҰЗАРТАДЫ!

Бір курсқа «Эликсир Жизни», «Женьшень – өмір қуаты», «Иммуно гель» бальзамдарының 8 қорабын қабылдау ұсынылады. Бір қораптың бағасы – 4000 теңге. 3 қорапша алсаңыз, 4-ші қорапша тегін

Мына телефондар арқылы маманнан кеңес алып, тапсырыс беруге болады: 8 702 911 55 55, 8 777 114 13 20.

Мекен-жайы өзгергені туралы ескертеміз! «Эликсир жизни», «Женьшень – өмір қуаты», «Иммуно гель» бальзамдарының қасиеті туралы СІЗ МЫНА КҮНІ ӨТКІЗІЛЕТІН САТЫЛЫМ КЕЗІНДЕ БІЛЕ АЛАСЫЗ: Қызылорда қаласында 16 шілде күні сағат 10.00-11.00 аралығында А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде, Қазыбек би көшесі, 21 (Ескі базардың қасында).

www.facebook.com/syrboyi.kz https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi.kz **Меншік иесі** **СЫР МЕДИЯ** жауапкершілігі шектеулі серіктестігі **БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ** қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) **БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ** қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007) **Бас редактордың орынбасары** – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) **Бөлімдер:** руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035) Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты. Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Кезекші редактор **Ержан ҚОЖАКОВ**